



Сандық
форматтағы
сабақтастық

2-бет





Әбілқас
Сағыновтың
туғанына – 110 жыл

4-5-беттер





Ақыл, қайрат,
жүректі
бірдей ұстап...

8-бет



• СЕНАТ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Қарағандының дамуында қарқын бар

Қарағанды облысына жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев өңір тынысындағы өркендеу үрдісін осылай бағалады. Сенат спикері облыс әкімдігінде мәслихат депутаттарымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерімен және қоғам белсенділерімен кездесті. Сапар барысында Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру жолындағы бірлескен жұмыстың негізгі бағыттары айқындалып, Палатаның жергілікті мәслихаттармен және сарапшылармен өзара іс-қимыл форматтары талқыланды. Сондай-ақ, Сенат спикері өнеркәсіп кәсіпорындарының еңбек ұжымдарымен кездесті. Сонымен қатар, елімізде тұңғыш ашылған бірінші өңірлік «Талдау мектебінің» тыңдаушыларымен жүздесті.

 Қасымхан БҰРКІТҰЛЫ,
«Oralyq Qazaqstan»

Индустрия игілігі

Сенат Төрағасы атап өткендей, Мемлекет басшысы Қасым-Жо-



март Тоқаевтың жыл сайынғы Жолдауында айтылған бастамаларды сапалы іске асыру үшін барлық мүдделі тараптың кешенді әрі жүйелі бірлескен жұмысы қажет. Осыған байланысты мәсли-

хат депутаттарымен және ҚХА мүшелерімен кездесуде жергілікті өкілетті органдар мен сараптамалық-талдау қоғамдастығын заң шығару қызметіне белсенді тарту мәселесіне баса мән берілді. Мұн-

дай формат Қазақстанның сапалы экономикалық өсуіне, Құрылыс, Цифрлық даму кодекстерін, Банктер мен банк қызметі туралы заңды, басқа да қажетті заңдарды уақытылы қабылдауға және Пар-

ламент қызметін одан әрі жетілдіруге тың серпін береді.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде заң шығару үдерісі мен шешім қабылдаудың тиімділігін арттыруға арналған және саяси реформаларды біртұтас институционалдық жүйеге біріктіруді көздейтін парламенттік реформаға да назар аударды.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа Жолдауында цифрландыру және жасанды интеллектіні дамыту бағытына ерекше назар аударып, еліміздің стратегиялық даму бағдарын айқындап берді. Оны сапалы іске асыруға үлес қосу – бәріміздің маңызды міндетіміз. Сондай-ақ Мемлекет басшысы бір палаталы Парламентке көшу мәселесін қоғамдық және сараптамалық талқылауға шығарды. Парламенттік реформаның нәтижесінде мәслихаттардың да рөлі артады. Өйткені сіздер жергілікті жерлерде халықпен тікелей жұмыс істеп келесіздер.

► 2-бет

• БӘРЕКЕЛДІ!

Білімпаздың биік белесі

Қарағандылық оқушылар жаратылыстану-математика бағытындағы XVIII Президенттік олимпиаданың республикалық кезеңінде 1 алтын және 2 қола медаль иеленді. Елордада өткен білім сайысына еліміздің түпкір-түпкірінен 200-ден астам оқушы қатысты.

 Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Oralyq Qazaqstan»

Бұл олимпиадада бұған дейін республикалық пәндік олимпиадаларға қатыспаған 11 (12) сынып оқушылары білім жарыстырды. Сайыс өңірлік, іріктеу және қорытынды кезеңнен тұрды.

Республикалық білім бәйгесінде жерлес оқушылар топ жарып, жүлдемен оралды. Атап айтқанда, Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы Даниал Орысхан алтын медаль иеленді. Оқушы сынақтың күрделілігіне қарамастан, жоғары нәтиже көрсеткенін айтты.

– Олимпиада тапсырмалары мұқият дайындықты талап етті. Дегенмен, мектеп бағдарламасынан алпақтаған жоқ. Өз жұмысымды бағамдап көрсем, көрсеткішімді одан да жақсартатынымды түсіндім. Қазір мен Халықаралық олимпиадалар мен емтихандарға дайындалып жатырмын. Болашақта әлемнің үздік университеттерінде білім алуды армандаймын. Кейін Қазақстанға оралып, ел дамуына үлес қоссам деймін, – дейді Даниал.

Ал, республикалық олимпиадада Қарағанды қаласындағы №2 лицейдің оқушысы Альбина Гердт пен «Дарын» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының оқушысы Камила Насырова қола медаль еншіледі.

Альбина Гердт те жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерге ерекше қызығады. Болашағын медицина саласымен байланыстырғысы келеді.

– Өз көрсеткішімді жақсы деп бағалаймын. Бірақ жетілдіретін тұстар бар. Олимпиада маған үлкен ынты мен шабыт берді. Жеңіске жетуіме жинақылық пен толқушымы және білу жетіспеген шығар, – дейді оқушы.

Ал Камила болса, мектеп бітірген соң, Назарбаев университетінде оқығысы келеді. Ол математика мен биология пәндерін ұнатады.

– Мен үшін олимпиадада аса қиын тапсырмалар болған жоқ. Биология біршама жеңілдеу, ал физика қиындау болды. Дегенмен, өз біліміме көңілім толады, – деді ол.

Сонымен қатар, білім сайысында №2 лицейдің оқушысы Иван Филиппов грамотамен марапатталды.

– Олимпиада жоғары деңгейде өтті. Қатысушылар мен жетекшілер үшін барлық жағдай жасалды. Балалар өздерінің білімі мен мүмкіндіктерін толық көрсете алды, – дейді «Сарыарқа дарыны» өңірлік ғылыми-тәжірибелік орталығының «Зияткерлік сайыстар және тұлғаның шығармашылық дамуы» зертханасының меңгерушісі Меруерт Омарова.

Жыл сайын ұйымдастырылатын Президенттік олимпиада оқушылардың жаратылыстану-математика ғылымдарына қызығушылығын арттырып, олардың кәсіби бағдарын айқындауға және жеке даму мүмкіндігін кеңейтуге жол ашып келеді.

Қырағы технологияның қыруар мүмкіндігі

Сандық технология дәуірінде Қазақстан Республикасы «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын алға оздырып, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудегі шешуші рөлін айқындай түсуде. Әсіресе, отандық өндірістің жүрегі саналатын Қарағанды секілді өңір үшін оның өзектілігі айрықша. Экономикалық қарқын неғұрлым күшейген сайын қауіпсіздік саласындағы сын-қатерлер де анағұрлым көбейіп келеді. Демек, қазыналы өлкеміздің зәпкер қорғалған өңіріне әлдеқайда көбірек қажетті қорғалмақ? Заң үстемдігі қалай бекемдене түспек? Осы сауалдарға да бір мезет жауап іздей кетелік деп ұйғардық.

 Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Oralyq Qazaqstan»

Көлегейден көрінген код

Темірқазықтай теңгерімді технологиялар денгей енген қазіргі қоғамда цифрлық бақылау, бейнесараптама, онлайн-қызметтер мен құқық қорғау органдарының автоматтандырылған жүйелері тұрғындар тыныштығын сақтауда жаңа деңгей қалыптастырып келеді. Соңғы жылдары аймақ ұлттық «Digital Kazakhstan» бағдарламасының аясында цифрлық жаңалықтарды сынақтан өткізетін тәжірибе алаңына айналды. Өңір экономиканы да, қоғамдық өмірді де оңтайландыруға бағытталған бірқатар озық шешімдерді енгізіп үлгерді. Солардың ішіндегі ең сүбелілерінің бірі – кен өндіру саласына жасанды интеллект технологияларын енгізу үдерісі. Mining Week 2025 көрмесінде



Қарағанды жерінде алғаш таныстырылған MINE. IO жобасы шахталардағы қауіпсіздікті күшейтуге бағытталған IoT жүйелерін, датчиктерді және деректерді терең талдау мүмкіндіктерін паш етті. Технологиялар адам өмірін қатерге тігетін тәуекелдерді азайтып қана қоймай, әрбір өндірістік әрекеттің цифрлық ізін қалдырады. Ал, сол іздер – кез келген төтенше жағдай немесе өндірістік дау туындаған шақта нақты дәлел ретінде пайдалануға болатын тың құқықтық ресурс.

► 3-бет



Сурет

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Oralyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14 500	6 ай 13 770,14	10 141,30
		12 ай 27 540,28	20 282,60
Жеке жазылулар үшін	6 000	6 ай 6 141,30	5 891,30
		12 ай 12 282,60	11 782,60

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Oralyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) балама жазылу жүргізіледі.

 **Анықтама телефоны:**
41-26-85,
8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.

 **E-mail:**
otdel.pochtovyy@bk.ru

 **Каспи QR**
арқылы
жазылуға
болады

Қарағандының дамуында қарқын бар

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қорытынды шешім азаматтардың пікірі ескеріле отырып, жалпыхалықтық референдум арқылы қабылданады, – деді Палата Спикері.

Сонымен қатар, Мәулен Әшімбаев Қарағанды облысының әлеуетін одан әрі арттыру үшін күш біріктірудің маңызы зор екенін айтты. Бұл өңір ірі индустриалды орталық ретінде елдің экономикалық дамуы жолында ерекше мәнге ие. Қазіргі таңда бірқатар басым бағытта жоғары көрсеткіштер байқалады. Бұл үрдіс жаңа экономикалық модельге көшуге және Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыруға айтарлықтай ықпалын тигізіп отыр.

– Мемлекет басшысы экономиканы әртараптандыруға, өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын дамытуға үлкен көңіл бөліп келеді. Соның нәтижесінде өңірлерде жаңа кәсіпорындар іске қосылып, жұмыс орындары ашылууда. Сенат депутаттары өткен аптада алдағы үш жылға арналған республикалық бюджетті қарап, облысқа қосымша қомақты қаржы бөлуге қолдау білдірді. Палата алдағы уақытта да өңірді дамыту бағытындағы жұмысты жалғастыра береді, – деп, Мәулен Әшімбаев облыстың әлеуетін арттыру жолындағы маңызды міндеттерге тоқталды.

Машина жасау саласындағы сын-қатерлер мен басым бағыттарға арналған дөңгелек үстелде аталған мәселе кеңінен талқыланды. Мәулен Сағатханұлы Қарағанды облысының қуатты индустриялық базаның және металлургия саласымен тығыз интеграцияның арқасында еліміздегі машина жасау кешенінде көшбасшы орынға ие екенін атап өтті. Ол соған қарамастан, бірқатар өзекті мәселелер де бар екенін тілге тиек етті. Бұл қатарда импортқа тәуелділік, кадр тапшылығы, техникалық және цифрлық олқылықтар сияқты түйткілдер бар.

– Бүгінде елімізде машина жасау саласы белсенді дамып келеді. Сонымен қатар, бұл секторда көптеген проблема бар екені қасырын емес. Олардың ең маңыздыларының бірі – қолжетімді қаржыландыруды қамтамасыз ету және инвестиция тарту. Сенат осы және басқа да мәселелерді шешу үшін машина жасау саласын қолдау туралы жеке заң жобасын әзірледі.


Жалпы, Қазақстандағы машина жасау саласының әлеуеті зор. Оны іске асыру үшін мемлекеттік органдардың, бизнестің, ғылымның және білім беру жүйесінің тиімді бірлескен жұмысы қажет. Мұндай ынтымақтастық бәсекеге қабілетті өндіріс қалыптастыруға, оқшаулауды арттыруға және заманауи, тиімді, экспортқа бағдарланған машина жасау саласын құруды ілгерілетуге мүмкіндік береді, – деді Палата Спикері.

Кездесуде сөз алған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өндірісі өркендеген өңірдің жетістіктеріне тоқтала отырып, инвестиция тартудағы игілік жөнінде де айта кетті.

– Осындай жауапты кезеңде біз, экономиканы жаңғырту, әлеуметтік инфрақұрылымды күшейту, ауыл мен қала арасындағы теңгерімді сақтау бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру аясында халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және ұзақмерзімді өсімді қамтамасыз етуге бағытталған. Өңір өндіріс көлемінің бірнеше бағыты бойынша тұрақты позицияны сақтап отыр. Мәселен, болат өндірісі бойынша бірінші орында, көмір өндірісі және картоп өндірісі бойынша екінші орында, жұмыртқа өндірісі бойынша үшінші орында, астық жинау бойынша төртінші орындамыз. Тау-кен және металлургия салаларын жаңғыртуға ерекше көңіл бөлінуде. «Qatmet» АҚ 2028 жылға дейін өндірісті жаңарту бағдарламасын жүзеге асыруға 1,6 трлн теңге көлемінде қаржы бөліп отыр. Барлық домна пештерін табиғи газға көшіріліп, Теміртаудың экологиялық жағдайын айтарлықтай жақсартты. Шахталарда 8 жаңа лава іске қосылып, көмір өндіру көлемі 15,1%-ға өсіп, 6,2 млн тоннаға жетті, – деді аймақ басшысы өзінің баяндамасында.

Жастардың жарқын қадамы

Мәулен Әшімбаев өңірлік «Қарағанды Талдау мектебінің» тыңдаушыларымен кездесуде жас буынның еліміздің дамуы және реформаларды іске асыру жолындағы рөліне кеңінен тоқталды. Сенат Төрағасы сарапшыларға Taldau Community жобасының



құндылықтары және жобаның негізгі мәні жөнінде айтып берді. Ол Мемлекет басшысы еліміздің тұрақты дамуында аналитикалық тәсілдер маңызды рөл атқаратынына үнемі көңіл бөліп келе жатқанын тілге тиек етті. Осыған байланысты Талдау мектебі бірнеше жылдар бойы мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың, білім және ғылым мекемелерінің және басқа да саладағы жас мамандардың талдау қабілетін шыңдауға қолдау көрсетіп келеді.

Сапар аясында сенаторлар Е.Бекетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің профессор-оқытушылар құрамымен және студенттерімен кездесті. Сондай-ақ, олар боччадан жолдастық матчты тамашалады.

Сапар барысында Мәулен Әшімбаев Ж.Ақылбаев атындағы технопарктің қызметімен танысып, оның ғылыми идеяларды тәжірибеден өткізіп, нақты өнімге айналдыруға мүмкіндік беретін заманауи алаң екенін жоғары бағалады. Сенат Төрағасы алдымен «Жаңартылатын энергия көздері» зертханасына барып, жас ғалымдардың күн, жел және басқа да баламалы энергия көздерін тиімді пайдалану бағытындағы озық жобаларын көрді. Сондай-ақ, химиялық мәселелерді зерттеу ғылыми институты мен сутегін өндіру және сақтау зертханасын аралап, аталған бағыттағы жаңашыл ғылыми ізденістерге

ерекше назар аударды.

Университет ғалымдары 2025 жылға жоспарланған үздік ғылыми жобаларын ұсынды. Физика-техникалық, химия, биология-география және заң факультеттерінің зерттеушілері жасанды интеллектіні пайдалана отырып әзірлеген экологиялық қолданбалы және зерттеу бағытындағы жұмыстарын көрсетті.

Мәулен Әшімбаевтың ерекше назарын аударған жобалардың қатарында «Цифрлық трансформация жағдайындағы Қазақстан қоғамы: мүмкіндіктер мен тәуекелдер», «Жасанды интеллект көмегімен қатерлі ісіктердің предикторларын анықтау үшін оптикалық спектроскопиялық әдістерді дамыту» және «Жасанды интеллект арқылы Қазақстан тұрғындарына әділетті қолжетімділікті қамтамасыз етудің инновациялық тәсілдері» жобалары болды.

Технопарк студенттер, магистранттар және PhD докторанттары үшін үлкен мүмкіндіктер алаңы болып отыр. Олар заманауи құрал-жабдықтармен жұмыс істеп, зертханалық тәжірибеден өтіп, ғылыми жобаларын жүзеге асыруда. Бұл орта жас ғалымдардың кәсіби дамуына айтарлықтай үлес қосады.

Университет жанынан ашылған технопарк – өңірлік ғылым үшін тың серпіліс. Ол ғалымдар мен жас зерттеушілерге жаңа идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік

беріп, инновациялық және қолданбалы жобалардың дамуына кең мүмкіндіктер ашуға.

Өңір өндірісінің тынысы

Депутаттар өңірдегі бірқатар кәсіпорынға арнайы барып, өнім өндіру технологиясымен танысты. Сенаторлар алдымен, Qatmet диспетчерлік-талдау орталығына барды. Бұл нысан – компанияның цифрлық өзгерісінің орталық элементтерінің бірі. Орталық 2024 жылы ашылған және бүгінде Qatmet компаниясының барлық көмір өндіру нысандарына кешенді мониторинг жүргізеді. Оның көмегімен жабдықтар мен персоналдың жай-күйі, өндіру және қайта өңдеу параметрлері, өнеркәсіптік қауіпсіздік деңгейі, сондай-ақ, көлік және энергетикалық жүйелердің жұмысы тәулік бойы бақылауда болады.

Палата депутаттары барған келесі нысан – Саран қаласының индустриялық аймағында орналасқан автомобиль шиналары шығаратын «Tengri Tyres KZ» ЖШС зауыты. «Attar» брендімен шиналар шығаратын кәсіпорын 2024 жылы іске қосылды. Оның жобалық қуаты жылына 3,5 млн жеңіл, жеңіл жүк және жүк шиналарын құрайды. Нысанда резеңке қоспасын дайындаудан бастап құрастыруға, вулканизациялауға және дайын өнімнің сапасын көп сатылы бақылауға дейінгі өндірістің толық циклі жүзеге асы-

рылады. Бүгінде зауытта 900-ге жуық адам жұмыс істейді.

Сонымен бірге сенаторлар автобус және коммерциялық техника шығаратын «QazTehna» ЖШС зауытына барды. Кәсіпорынның құрылысы 2019 жылы басталды. Жоба аясында бұрынғы резеңке-техникалық бұйымдар зауытының өндірістік және қойма аландарының 40,5 мың шаршы метр аумағы жаңғыртылды. Бүгінде кәсіпорынның қуаты жылына 1200 автобус пен 10 мың коммерциялық техника бірлігін құрайды. Зауыт жұмысшылары өндірісті оқшаулау деңгейінің артқанын айтты. Кәсіпорында автобус шамақтарына қажетті металл элементтерінің кең спектрін шығаруға арналған Қазақстандағы алғашқы гидравликалық штамптау пресі орнатылған. Өндірісте Qatmet металлургиялық комбинатта шығарылатын отандық мырышталған болат пайдаланылады. Ол халықаралық сапа сертификатына ие және техниканың сериялық шығарылымында қолданылған.

Сондай-ақ, Мәулен Әшімбаев тұрмыстық техника мен электроника өндірісіне маманданған «Silk Road Electronics» ЖШС зауытының қызметімен танысты. Кәсіпорын 2023 жылдың соңында пайдалануға берілген. Бүгінде мұнда тұрмыстық техниканың жеті саныты шығарылады. Олар: теледидарлар, кір жуу машиналары, су жылытқыштар, ас үй плиталары, ауасорғыштар, шаңсорғыштар және қысқа толқынды пештер. Өнімдер Arteel, Shivaki, Royal және басқа да серіктестердің брендтерімен өндіріледі. Зауыт 2025 жылы Samsung маркалы 39 мың теледидар мен кір жуғыш машиналарын шығарған. Олардың ішінде қазақ тіліндегі ЖИ және интерфейспен жабдықталған модельдер де бар. Қазірдің өзінде 2026 жылғы сериямен Samsung теледидарлары, сондай-ақ, Arteel брендімен жаңа ас үй плиталары шығарыла бастады. Өндірісте жергілікті материалдар, соның ішінде Qatmet металы белсенді қолданылады.

Сапар қорытындысында Сенат спикері Қарағанды өңірінің даму ырғағына жоғары баға беріп, жарқын істердің жалғасты болуына тілектестік білдірді.

Суреттер Сенаттың баспасөз қызметінен

Сандық форматтағы сабақтастық

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Instagram желісінде қоғам белсендісі, салық саласының білікті де білгір сарапшысы Айжан Балакешовамен бірлесіп ашық форматтағы тікелей эфир өткізді. Сандық кеңістікте өткен жылы жүздесу өңір басшысы Ермағанбет Қабдулаұлының азаматтық қоғаммен байырқалы байланысының дәйекті де мәйекті мәдениетін айқындағандай еді.

Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Эфир уақыты басталғаннан-ақ бір мыңнан аса көрермен онлайн негізде әлеуметтік желіге белсенді қосылып, әр мезет елі-айын веб-аландағы жұрттың қызығушылығы артпаса, кемімеді. Шамамен бір сағатқа созылған сұхбат барысында аймақ басшысы өңірдің кәсіпкерлік әлеуетіне кеңірек тоқталып, жергілікті биліктің кез келген қалыпта ашық сөйлесуге дайын екенін бірнеше рет баса белгіледі. Сол сөзге көркем мәмілеге араласа отырған облыстық кәсіпкерлік және индустрия басқармасының басшысы Асқар Жағалиев те өзекті сұрақтарға жедел жауап беріп, шағын және орта бизнесті қолдаудың таразылы тетіктерін түсіндірді. Желідегі жаскейі қойылған сұрақтар болсын, көрермендер пікірінің толассыз ағымы болсын, барлығы да аңдағанымыздай қым-қуыт қоғамның таңдаулы тақырыпқа деген зор ықыласын айғақтады. 1500-ден астам көрермен тамашалаған еркін эфир, шын мәнінде, билік пен халықтың ара-



сын жақындататын мінбер тәрізді жылы қабылданды.

– Қоғам белсендісімен бірге тікелей эфирге шыққаныңыз үшін алғыс айтамын! Бұл облыс әкімі ретіндегі сізге деген азаматтардың сенімін арттырады, – деді модератор Айжан Балакешова.

Ермағанбет Бөлекпаев мұндай формат ең өзекті мәселелерді халықтың өз аузынан естуге мүмкіндік беретінін айтты.

– Біз әрқашан ынтымақтастыққа дайынбыз. Түрлі алаңдарда жиі кездесіп жүрміз. Алайда, дәл осындай негізде алғаш рет пікірлесіп отырмыз. Осы диалогты ұйымдастырғандарыңыз үшін рақмет! – деді өңір басшысы.

Эфир барысында өңірдің экономикалық тынысын айқындайтын бірнеше маңызды тақырып мұқият таразыланды. Өкімдік тарапы ұсынған шағын және орта бизнесті мейлінше қолдау бағдарламаларын іске асыру үрдісі, өңір

ге инвестиция тартудың нақты тетіктері, жергілікті өнімді нарыққа шығару мәселелері көрермен назарын бірден өзіне аударған. Әр сындарлы сауалдың астарында аймақтың даму қарқыны, кәсіпкерлердің күнделікті тірнекті тіршілігі және байыпты болашаққа деген үкілі үмігі мен селкеусіз сенімі байқала берді. Көнігі модератор да әңгіме ауанын ширата отырып, облыс әкімінің жуырда картон қаптама шығаратын зауытта барған іссапарын еске салды. Сол сапарда Ермағанбет Бөлекпаев әлеуетті серіктес болуы кәдімкі кәсіпорын басшысына оқиға орнында тұрып-ақ тікелей қонырау шалған еді. Мұндай тосындау жайт жұртшылыққа ерекше әсер етіп, «Шұғыл қонырау жиі шалына ма, әлде әрненің мүддесін қорғау ма?» деген сауал туындаған. Көрермен таңдана тұрсын. Ал, Ермағанбет Қабдулаұлы оқшау әрекетінің астарын

ашып-жазып, өңір өміріндегі кез келген жолбастар бастаманы жаңадандыру үшін дегдар диалогтың, тікелей байланыстың маңызы зор екенін атап өтті. Сол рәуішті реплика эфирдегі атмосфераға жан бітіріп, билік пен бизнес тараптары арасындағы соны коммуникация мәдениетінің қалыптасып келе жатқанын байқатты.

– Құпия ештеңе жоқ. Қонырау шалған кәсіпорынның болашақ өкілі – Саран қаласындағы тұрмыстық техника зауыты. Яғни, біздің өңірдің өндірісі. Ол сөз жоқ, ынтымақтастық, ашықтық ниетін растады. Неге көмектесек? Өнім сапасы жақсы. Заң аясында өз тауар өндірушілерімізді қолдауды жалғастыра береміз, – деп түсіндірді Ермағанбет Бөлекпаев. – Біз үшін кез келген бизнес маңызды. Өйткені, бұл тұрғындар үшін жұмыс орындарын құрады. Әсіресе, өңдеуші өнеркәсіп негізгі басымдыққа ие.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Спикер жаңа арнайы салық режиміне байланысты мөлшерлемені 2% деңгейінде қалдыру туралы шешім қабылданатынын да қосымша хабарлады.

– 2% мөлшерлемені бекіткен кезде облыстың сауда саласында ел бойынша 3-4-орында тұрғанын ескердік. Маңызды секторда 230 мыңға жуық адам еңбек етеді. Шешімнің тиімді тұстарын жан-жақты сараладық. Университет мамандары жүргізген талдау да бар. Бастысы, өңірде іскерлік белсенділік бәсеңдемей, жаңа жұмыс орындары ашылуы тиіс. Сол себепті, мәслихаттарға мөлшерлемені 2% деңгейінде қалдыруды ұсынамыз. Бұл кәсіпкерлер үшін тұрақтылық пен сенімділікті қамтамасыз етеді, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Эфирдің бір сәтінде сөз желісі «конверттегі жалақы» тақырыбына ойысты. Әкім мырза атаулы мәселені тек салықтан жағалау жайты ретінде емес, әлдеқайда терең әлеуметтік түйткіл ретінде қарастырды. Оның айтуынша, конвертпен берілетін еңбекақы бүгінгі күннің ыңғайына жасалған қадам секілді көрінгенімен, ертеңгі күннің үлкен түйткіліне айналады. Өңір басшысы бейнекамера алдында қарапайым да түсінікті бір мысал келтірді: жария етілмеген табыс – ертеңгі зейнетақы мөлшерінің азаюы, қызметкердің әлеуметтік қорғансыз қалуы. «Бүгінгі айла – ертеңгі шығын» екенін ол бірнеше мәрте шегелеп айтты. Сөзінің соңында Ермағанбет Қабдулаұлы барлық кәсіпкерлер мен жұмыс берушілерді заң аясында ашық жұмыс істеуге шақырды. Аймақ басшысының үндеуінде тек ресми тұрғыдағы жөнекей талап емес, тұтас қоғам

алдындағы жауапкершілік, ерен еңбекті құрметтеу әрі әділдікке негізделген экономикалық мәдениет қалыптастыру ниеті айқын сезілді.

Сандық кеңістіктегі сол бір сағат ресми тұлғалардың құрғақ есебі емес, аймақтағы алдағы бейнесін бірге қалыптастыруға шақырған ашық әңгіме, көңілге үміт құйған өзара сенім сәті болғандай. Экранның арғы бетіндегі әрбір кәсіпкер, әрбір жұмысшы, әрбір тәуелсіздігі жас әсерлі әңгіменің астарынан өзіне керек мағлұмат алды. Ол мәнді ақпарат: «Біздің дауысымыз тыңдалады. Біздің мәселелері қарастырылады екен. Біздің ісіміз бағаланады!» дейтіндей. Ашық та ажқарқын мәміленің есігі айқара ашылған, ендігі сонар-соқпақты бірге жүріп өтудің өміршен міндетін әркім өзінше түйсінді. Кім білер. Бәлкі, дәл осы тікелей эфир келесі онжылдығын айқындайтын соны мәдениеттің алғашқы қадамы болар. Қарапайым сұраудан өріс алған келелі мәміле келешектегі өркенді өнеркәсіптің, әділ экономиканың, аяқпан саясаттың бір кірпішін қалап жатқандай. Оны уақыт көрсетпек. Бір анығы, мәнді де салмақты тікелей эфир тізгіні үнсіздіктің емес, үн қатысуының жарқын үлгісі болды. Ал, үн қатып, сұраулы жүзге жауап келген жерде өзгеріс өздігінен басталады.

Суреттерді түсірген Жәнгелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қырағы технологияның қыруар мүмкіндігі



Коллаж жасаған Шынар Адамбекова

(Соңы. Басы 1-бетте)

Шахтаның қара тасындай катал еңбекпен ұштасқан технологияның тын тынысы аймақтың болашақ қауіпсіздігіне жаңа кепілдік ретінде бағамдарлық шақ есігімізді қақты.

Қоғамдық секторда да цифрландыру лебі тезінен жетіп, мемлекеттік қызметтердің сандық жүйеге көшу қарқыны арта түскен. Үкімет тарабының деректеріне сүйенсек, трансформация халықтың білім беру ұйымдарына онлайн-жазылуын да, медициналық мекемелерге тіркелуін де жеңілдетіп, қызмет көрсетудің тиімділігі мен ашықтығын жаңа деңгейге шығарған. Қарағандыда инвестициялық жобаларға арналған арнайы платформа іске қосылып, жыл соңына дейін 120-ға тарта бастаманы жүзеге асыру көзделіп отыр. Олардың басым бөлігінде қаржы ағымдарын бақылау үшін блокчейн тетіктері қарастырылған. Ұлттық деңгейде Қазақстан жасанды интеллект пен блокчейнді жедел енгізіп, өзін өңірлік технологиялық көшбасшы ретінде танытуға ниетті. Үзіліссіз үрдіс аймақта ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің цифрландырылуынан анық байқалады: әрбір датчик, әр аналитикалық модуль ресурс үнемін есептеп, өндірістің тынысын дәлдікке сүйен тұр.

Көз алдымызға күнделікті атар таңды қайтарып бір елестетелік. Ауысымына бет алған кенші «ақылды» каскасын киіп, ішкі датчиктері әр қадамын тіркеп, дене қозғалысын қалт жібермей бақылап барады. Таңдамалы деректер қауіптің алдын алу үшін ғана емес, қажет жағдайда даулы оқиғалардың мән-жайын анықтайтын цифрлық ізге, яғни, заң алдында күші бар айғаққа айналады. Ал, Балқаш секілді бағаналы шаһарларда тұрғындар коммуналдық қызметтердің жұмысын нақты уақыт режимінде бақылай алады. Сандық сервистердің мүлтіксіз мүмкіндігі артық шығын мен сыбайласты азайтып, қала тіршілігінің ашықтығын арттыруда.

Әр адым – есепте

– «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы тек қағазда қалмай, өмірде де өз тиімділігін дәлелдеп келеді. Бұл жерде жергілікті жұртшылықтың құқықтық сауаты ерекше маңызды. Прокуратура өкілдері қоғамдық орындарда арнаулы ақпараттық QR кодтар орналастырды. Қала тұрғыны өз телефонын сол кодқа апарып, қажет ақпаратқа бірден қол жеткізе алады. Бұл тек мәнді мәліметке қол жеткізуді жеңілдетіп қана қоймай, тұрғындарға құқықтық мәдениет пен заңға сенімділікті арттыруға нақты мүмкіндік сыйлайды. Әрбір QR код – қоғамға ашықтық пен тәртіптің сандық кепілі, – дейді Қарағанды облысының прокуратурасы бірінші басқармасының басшысы Алмаз Бекмағамбетов.

Цифрландыру құқықтық тәртіпті күшейтудің нақты құралына айналды. Деректер тергеу мен бақылаудың сенімді механизміне ұласып отыр. Мысалы, өңірде 19 мыңнан астам көшедегі камералар желісі жасанды интеллект арқылы адамның жүзін танып, мінез-құлқын талдайды. Бұл полицияға қылмыстың алдын алуға көмектеседі. Ал, құқық қорғаушылар күрделі істерге толық көңіл бөле алады. Цифрландыру сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықты да азайтуда. Мәселен, 61 бизнес-үдерістің қайта жобалануы шешімдерді

орындау мен сараптамаларды жылдамдаты. Солайша, сот ісінің уақыты 30-40%-ға қысқарды. Қылмыстық істерде жасанды интеллект деректерді автоматты түрде саралап, тергеуді жеделдетеді. Дегенмен, қауіп бар: бақылау жүйесінің кеңеюі «сандық авторитарлық мемлекет» қауіпін туындатуы мүмкін. Цифрландыру алаяқтыққа қарсы күресті күшейтті. Антифрод-орталық 80 мыңнан астам оқиғаны тіркеп, полиция жалған SIM-карталарға арналған жабдықтарды тәркіледі. Бұл заңға сенімділікті арттырып, «цифрлық іздің» сотта сенімді дәлелге айналуын қамтамасыз етті. Еске салсақ, осы жылдың қаңтарында полиция мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті өкілдері интернет-алаяқтарға қарсы рейд ұйымдастырып, 232 SIM-карта мен арнайы жабдықты тәркіледі. Ал, қарашада Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жол ережесін бұзуды тіркеуге арналған сандық құралдарды уақытша тоқтатты. Сындарлы шешім цифрландыруда қауіпсіздік пен жеке өмірді қорғау арасындағы теңгерімнің қаншалықты маңызды екенін тағы бір мәрте қаперге салғандай. Қазан айында Қазақстан Республикасы заңнамаға жасанды интеллектті енгізді. Бұл ережелерді бүгінгі өмірімізге жылдам бейімдеуге мүмкіндік береді. Сол айда 14,4 млн еуро көлеміндегі цифрлық активтердің тәркіленуі қаржылық қылмыстарға қарсы күрестің тиімділігін айқын көрсетті. Өңірде өнеркәсіп қарқынды дамып, киберкәтерлердің көбеюіне әкелсе де, цифрлық инновациялар жол ашып отыр. «Бұрын тергеулер апталарға созылатын. Қазір жасанды интеллект бейнежазбаларды санаулы минуттар ішінде талдап, іздерді нақты дәлелге айналдырады», – дейді жергілікті полиция қызметкері Серік Аманжол. Ол сөзін әрі қарай былай жалғады: «Әр кадр, әр кадам – енді тек бақылау емес, сотта күшіне енетін нақты құқықтық дәлел. Теңгерімді технология бізге тек қылмысты ашуға емес, сонымен бірге, қоғамдағы сенімділікті арттыруға зор мүмкіндік ұсынып отыр».

Қалыс бұрау

Парасатты алгоритм – әділет серігі. Иә, тірі ағза мен технология симбиозы көп жанға тосын ой іркетіні тағы жасырын емес. Таяу болашақ сұлбасы – әр неге ұқсамасы ақиқат. Ақсер әлемнің түпкір-түпкіріне дейінгі сандық іздер әрбір қадамымызды жадына сақтап, реттеп отырады. Қылмыстың алдын алудан бастап, дерекқорды тиімді пайдалануға дейінгі мәселелерді шешеді. Деректер – енді жай ақпарат емес, сенім мен қауіпсіздіктің әмбебап тілі, қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімділіктің кепілі. Келер ұрпақ қолтауды өз ана тіліндей меңгеріп, цифрлық әлемде еркін әрекет ете алады. Жасанды интеллект пен адам қабілеті бірігіп, әлемді қадағалаушы емес, қорғаушы күшке айналады. Қала мен дала, өндіріс пен ауыл шаруашылығы арасындағы шекаралар азайып, технология адамдардың өмір сапасын арттыра түспек. Сандық іздер, автоматтандырылған жүйелер және блокчейн арқылы әлем ашықтыққа, әділетке және сенімге ұмтылады. Әр нәрсе уақыттың келме. Демек, осы игілік те өз күнінде, өз тінінде келіп жетіп, қоғам қазынасына қызмет етпек.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Жұмыспен қамтудың тиімді тетігі

Кеншілер қаласында «Заң және тәртіп. Тұрақты жұмыс» атауымен өткен ауқымды бос жұмыс орындары жәрмеңкесі аймақ тұрғындары үшін тиімді алаңға айналды. Шараға аймақтың 40-тан астам кәсіпорны қатысып, мамандарға 850-ге жуық бос жұмыс орнын ұсынды. Жәрмеңке нәтижесінде 83 үміткер тұрақты және уақытша қызметтерге жолдама алып үлгерді.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Ұйымдастырушылардың мәлімдеуінше, жәрмеңкенің басты мақсаты – жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілер арасында тікелей диалог орнатып, халықтың жұмыспен қамтылу мүмкіндігін кеңейту.

– Басты міндетіміз – жұмыссыз азаматтардың еңбекке орналасуына жағдай жасау. Өңір кәсіпорындары ұсынған вакансиялар саны – 850. Қазірдің өзінде 83 адамға жолдама берілді. Мұнымен тоқтамаймыз, – дейді Еңбек мобильдігі орталығының басшысы Нұржан Сыздықов.

Жәрмеңкеге қатысқан жұмыс берушілер қатарында аймақтың экономикасында елеулі орны бар ірі компаниялар – Silk Road Electronics, «Қарағанды-Нан», Steel Manufacturing, Qarmet, Қазақстан Халық банкі және өзге де кәсіпорындар бар. Жекеменшік сектормен ғана шектелмей, қалалық және аудандық әкімдіктер, пробация қызметі, ҚАЖ жүйесі, облыстық прокуратура, жеке сот орындаушыларының палатасы, әділет департаменті мен қала полиция басқармасының өкілдері де бір кісідей атсалысты.

Осындай кең формат келген азамат-



Сурет облыс әкімінің сайтынан

тарға бос орындар туралы толық әрі ресми ақпарат ұсынып, жұмыспен қамту, құқықтық кеңес және әлеуметтік қолдау мәселелеріне қатысты мамандардан нақты жауап алуға мүмкіндік берді. Пробация қызметі өзі арқылы 30 адамға жолдама рәсімдеді.

Жәрмеңкеде жұмыс іздеушілерге классикалық бос орындармен қатар, еңбекке тартудың түрлі мемлекеттік тетіктері де таныстырылды. Атап айтсақ, «Жастар практикасы», «Әлеуметтік жұмыс орындары», «Қоғамдық жұмыстар», «Күміс жас» және «Кәсіптік оқыту» бағдарламаларының шарттары кеңінен түсіндірілді. Сол бағдарламалардың бірі – «Жастар практикасы» аясында жәрмеңкеге келген 18 жас үміткер сол мезетте-ақ жолдама алып шықты.

Ал, жәрмеңкеге қатысқан Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің студенті Назгүл жұмыс іздеудегі алғашқы

қадамын дәл осы арадан бастауды жөн көргенін айтады.

– Мұнда мамандығыма сай қызмет іздеп келдім. Ұйымдастырушылар конкурстар мен ойындарды қамтыған мазмұнды бағдарлама дайындапты. Осындай шаралар жиі өткізілсе, жақсы болар еді. Оқуды бітірген соң Жұмыспен қамту орталығына жүгініп, ресми түрде жұмыс іздеуді жоспарлап отырмын, – дейді ол.

Жалпы, ауқымды шараға 300-ге жуық тұрғын келіп, ұсынылған бос орындармен танысты. Ал, барлық өзекті вакансиялардың толық тізімі enbek.kz платформасында орналастырылған.

Аталған жәрмеңке аймақтағы еңбек нарығын әртараптандыруға және жұмыссыздық деңгейін төмендетуге бағытталған шаралардың бір парасы ретінде бағаланып отырғанын айту керек.

ҚАРАҒАНДЫ

Алданбаудың амалы бар

Қоғам тыныштығы, ең алдымен, құқықтық мәдениет пен заңға деген құрметтен басталады. Ел ішінде құқықтық сананы күшейту, құқықбұзушылықтың алдын алу – әсіресе, жастар арасында қылмыстың жолын кесу бүгінгі күннің басты талабы. Осы ұстанымды ұстын етіп Қарағанды облысының прокуратурасы «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында студенттерге арналған кең көлемді профилактикалық семинар өткізді.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Семинарда білім алушылар құқықтық жауапкершілік, алаяқтық схемалары, интернет-қауіп және заңсыз әрекеттердің салдары туралы кеңінен ақпарат алды. Прокуратура қызметкерлері құқықтық тәртіп тек жазалау механизмі емес, қоғамдағы тұрақтылықтың, азаматтық мәдениеттің басты тірегі екенін атап өтті.

Жыл басынан бері облыста 2419 интернет-алаяқтық фактісі тіркелген. «Anti-fraud» жүйесі арқылы 3109 күмәнді операция анықталып, 27,4 млн теңге бұғатталып, 35,2 млн теңге азаматтарға қайтарылған. Бұл көрсеткіштер құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудегі алдын алу жұмыстарының маңыздылығын айқын көрсетеді.

– Кей азаматтар оңай табысқа қызығып, бөтен адамдарға өз банк картасын пайдалануға рұқсат беріп жатады. Алайда, мұндай ұсыныстың ар жағында заңсыз әрекеттердің шырмауық тұзағы тұрғанын көшілілігі аңғармайды. Бөгде адамға жеке құжатты, банк картасын, мобильді банк қызметіне қатысы бар деректерді беру – қарапайым техникалық көмектесу емес, қылмыстық схемаға тікелей араласу болып есептеледі. Мұндай әрекет бірнеше минуттық «табысқа» алданған адамның болашағын бaltалап, қылмыстық жауапкершілікке алып келуі өбден мүмкін, – деді экономикалық тергеу департаментінің Қарағанды облысы бойынша штаб жетекшісі Нариман Ынтықбаев.

Семинар барысында облыста жүр-

гізіліп жатқан профилактикалық шаралар туралы да сөз етілді. Жыл басынан бері облыста 66,9 миллион күмәнді қоңырау бұғатталған, 88 мыңнан астам SIM-карта тәркіленген, алаяқтық схемаларда қолданылған ондаған құрылғы анықталған.

Қоғамдық қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Рустам Сергазинов өз сөзінде жастарды барынша сақ болуға шақырып, алаяқтардың қазіргі таңда кеңінен қолданатын айла-тәсілдерін егжей-тегжейлі түсіндірді. Оның айтуынша, интернет пен мобильді қосымшалар дамыған сайын қылмыскерлер, де өз әдістерін күн сайын түрлендіріп, адамның сеніміне кірудің жаңа жолдарын тауып отыр.

– Өккіленіп алған алаяқтардың ең жиі жасайтын айласы – қоңырау шалу. Бірде өздерін банк қызметкері, полиция қызметкері, тіпті, экономикалық тергеу департаментінің маманымын деп таныстырады. Өңгімесін «шотыңыздан күмәнді операция анықталды», «сіздің атыңызға несие рәсімделіп жатыр», «деректеріңіз қолды болған» деген үрейлі хабарламадан бастайды. Осылайша адамды абдыратып алып, жөпелдеме тез шешім қабылдауға мәжбүрлейді, – дейді подполковник.

Рустам Сансызбайұлының айтуынша, жастар жиі түсетін тұзақ – SMS-кодты, банк картасының артындағы CVV нөмірін, немесе мобильді банкинкке кіру паролін беру. Тісқакқан алаяқтар бұл деректерді алса, бірнеше минут ішінде адамның бүкіл шотын тазалап, онлайн несие рәсімдеп жіберуі мүмкін. Мәселен, күнделікті тұрмыста болған нақты оқиғаны айтайық.

Қалаға оқуға келген «сарыауыз балапан» студентке өзін банк қауіпсіздік қызметкерімен деп таныстырған беймәлім адам қоңырау шалып, «шотыңыздан күмәнді ақша аударымы тіркелді, оны тоқтату үшін SMS-кодты жіберіңіз» деген. Өлгі жас еш күмәнсіз кодты айтып қойған. Сөйтіп, 15 минуттың ішінде оның атына 1 миллион теңгеден астам несие рәсімделіп кеткен. Бұл – күнделікті кездесетін схема.

Тағы бір кең таралған айла – WhatsApp арқылы «банк қызметкері» атынан хабарласу. Алаяқтар арнайы бағдарламалармен банк логотипін қоса жібереді, тіпті жалған қызметтік куәліктің суретін жолдайды. «Міне, біздің бөліміше, міне, менің қызметтік куәлігім» деп сендіргісі келеді. Ал, шын мәнінде ешбір мемлекеттік орган құжатын суретіп, куәлікті немесе жеке деректерді мессенджер арқылы жібермейді.

– Естерінде болсын! Ешқандай мемлекеттік орган, полиция, прокуратура, банк қызметкері телефон арқылы жеке ақпарат сұрамайды. Егер біреу сізден SMS-код, картаның нөмірі, мобильдік банкинг паролі сияқты нәрсені сұраса, бұл алаяқтық екені айдан анық. Заң мен тәртіп, ең алдымен, өз қауіпсіздігінді сақтаудан басталады, – деп түйіндеді подполковник Рустам Сергазинов.

Семинар барысында ұйымдастырылған телекөпір де жастарға үлкен әсер қалдырды. Түзету мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталған азаматтар өз тәжірибесімен бөлісіп, «жеңіл жолмен келген табыстың» ақыры қандай өкінішке әкелетінін ашық айтты.

Сурет ұйымдастырушылардан

Академик, Социалистік Еңбек Ері

Есімде қалған сәт

Әйгілі адаммен өмірде бір-ақ рет кездессең де, мәңгі есінде қалатынын талай естеліктерден оқып жүрмін. Әбілқас Сағынұлымен сондай бір кездесу менің де есімде мәңгі қалды.

Осы Қарағанды политехникалық университетіне оқытушы болып қызметке орналасқанымда онша көп уақыт болмаған. Бір күні менің ғылыми жетекшім, халықаралық байланыс және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор Әзімбек Әкімбеков хабарласып, келіп кетуімді өтінді. Жұмыс барысында мұндай сәттер бола береді. Сондай сәттердің бірі шығар деген оймен келіп кірдім. Сөйтсем, кабинетте қолында таяғы бар, атақты ғалым, осы оқу орнын көп жыл басқарған Социалистік Еңбек Ері, академик Әбілқас Сағынов ағамыз отыр.

Мен осында қызметке келгенде зейнеткерлікте болғандықтан, бұрын ол кісімен бетпе-бет кездеспеген едім. Иіле, қос қолымды ұсынып, имене келіп, сәлем бердім.

– Мен машинамды бір жерге жіберіп қойып едім. Әбекең ағамызды үйіне жеткізіп сала аласың ба? – деп сұрады Әзімбек Қыздарбекұлы.

– Әрине, жеткізіп саламын, – дедім.

Әбекеңнің тоқсанға тап қалған шағы. Қолтығынан демеп, сатыдан түсуіне көмектесіп, көлігіме алып келдім. Академикті қолықтаудың өзі мен үшін зор ғанибет болып көрінді. Ол кезде кәсіргідей қоршау жоқ, менің қара «Девяткам» университеттің бас ғимаратының алдындағы тұрақта болатын. Машинаның есігін ашып, алдыңғы орынға отырғыздым. Ұмытпасам, ішлде айының іші болуы керек. Машинаның іші қайнап тұр. Қас қылғандай машинам от ала қоймады. Күннің ыстығынан карбюраторы істемей қалған ғой. Өзім машинаның жағдайын



да онша түсіне бермеймін, қатты сасқалақтағаным сондай, қапатын ашып қойып, ол жағынан бір, бұл жағынан бір шығып, не істерімді білмей жүгіріп жүрмін. Әбекең үстіне костюм киіп алған, машинаның ішінде қара терге түсіп отыр.

Сондағы менің таң қалғаным, әлі есімнен кетпейді. Қол орамалымен кең маңдайын асықпай сүртіп қойып:

– Бұл темір ғой. Темірге сенім жоқ. Ештеңе етпейді, асықпа, – деп қояды.

Сол кезде Әбекеңнің сабырлы қалпы мені сабама түсіргендей болды да, өйтіп-бүйтіп, ақыры от алдырдым ғой.

«Березка» деп аталатын жақта тұратын үйіне апарып салдым. Жолшыбай сөйлесіп отырдық. Байқағаным – өмірлік тәжірибесі мол, әрбір сөзін баппен, нығарлап айтатын, сұтамды, өте қарапайым адам екен. Академикпін деп шіреніп отырған жоқ. Оқытушылық қызметімді жаңа ғана бастаған шағым ғой. Бұрын ол кісіні сырттай көргенде «Шіркін-ай, ана кісімен сөйлеспек былай тұрсын, жанына барудың өзі қиын шығар?!», – деп ой-

лайтынбыз. Сондай академик ағамыз дәл жанымда, алдыңғы орындықта отырды. Әдеттегідей «Қай жактан боласың?», «Не істейсің?» дегендей сұрақтар қойып, жауабымды естіген соң ісіме сәттілік тілеп, жарым ырыс болатын жақсы сөздерін аямай айтып отырды.

Қолтықтай отырып, үйіне кіргізіп салдым да, ақ тілекті ағамыздың алғысын алдым. Жанында көп уақыт бола алмасам да, сол сәт менің есімде әлі күнге дейін естелік болып сақталып келеді.

Асыл қасиетті ардақты адамның есімін ұмытпай, кейде ол кісінің көзін көрген, қатар еңбек еткен ағалардан да сыр тартып қоямын. Сондай әңгімелер кезінде ол кісінің уақытты зая кетірмеуге ерекше көңіл бөлетіні қатты таңғалдырды. Өзім де оқыдым, Әбекең маңыздылығы төмен съездерге, симпозиумдарға, жиналыстарға кеткен уақытыма өкінемін деп жазған екен. Сол сияқты қаламыздағы Кеншілердің мәдениет сарайында академик ағамыздың 90 жылдығы аталып өтіп жатқанда: «Елді шаршатып, уақытын алмайық», – деп бір жарым сағаттан соң салтанатты жиналысты уақытында аяқтатқанын өзім көргенім бар.

Біз сол кісінің ісін жалғастырушылармыз. Мен өзім академик ағамыздың «мейлі шахта директоры бол, мейлі завод басшысы бол, кім болсаң да, адам бол» деген мағынадағы қанатты сөзін ешқашан есімнен шығармай, университетіміздің білім алушыларымен кездесулерде әрқашан да насихаттап отырамын.

Халқымыздың ардақты азаматына қандай құрмет көрсетсек те лайықты деп ойлаймын.

Нұрбек ЖОЛМАҒАНБЕТОВ,
«Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ»
КеАҚ тау-кен факультетінің деканы,
техника ғылымдарының кандидаты,
профессор

«Ғалымның хаты өлмейді»

• Біреуге жаманат жапсыру тер төге жұмыс істегеннен гөрі оңайырақ.

• Ана тілімен нәзік және өте сыпайы қарым-қатынаста болу керек.

• Елді оның ең таңдаулы өкілдері бойынша бағала.

• Жоғары дәлдіктегі бөлшектерді өндірудің өзіндік технологияларын дамыту Қазақстан үшін стратегиялық маңызы бар кезек күттірмейтін міндет екені анық.

• Ашу үстінде өткенге қара күйе жаққан кезде нақты деректермен қатар жекелеген қағидалардың өзі біржақты жарияланып кетуі орын алады.

• Әдетте, жауапты қызметтен кеткеннен кейін сізді «бұрынғылар» санатына жатқызады да, тез ұмытып кетеді. Бұл біздің адами табиғатымыздағы өте әлсіз жактың бірі.

• Мен барлық өзекті мәселелер бойынша ақыл-кеңес беруді мақсат етпеймін – олар өте көп және оңай іс емес. Сондықтан, тек айналада не болып жатқанын түсінуге тырысамын.

• Жоғары және орта мектеп адамгершілік тәрбиесіне көбірек көңіл бөлуі қажет. Бірақ, оны бүгінгі күні беделі мүлде құлдырап кеткен мұғалімнің, жоғары мектеп оқытушысының, педагогтің рөлін көтермей тұрып жүзеге асыру мүмкін емес.

• Ғылым туралы ойларымда мен ең алдымен оның кадрларына, ғылы-

ми адамдарға жүгінемін. Шынында да, еш жерде ғылымдағыдай бәрін кадрлар шешпейді.

• Жастар – еліміздің болашағы. Қоғам сондықтан да оған қамқорлық көрсетуге міндетті.

• Жоғары мектептің басты міндеті – жеке тұлға тәрбиелеп шығару.

• Өз анасына деген сүйіспеншілігі жоқ адам әлемдегі ең бақытсыз адам. Өйткені, анаға деген сүйіспеншіліктен ғана асыл істер мен адамдық қасиеттер туындайды.

• Қара бояуы онсыз да жеткілікті жерде оны одан сайын қоюлатудың қажеті қанша?

• Адамдар үшін пайдалы өмір сүрудің өзі үлкен ерлік.

• Қазақ жазушыларының кітаптары оқымасаң қазақ халқының ішкі дүниесін түсініп, өз Отаныңның тарихын жан-жақты біле алмайсың.

Әбілқас САҒЫНОВ



Дана ұстазымыз

Қай елдің болсын дамуы, өркеніеттілігі, әлем елдері қатарынан орын алуы, не озық тұруы оның ұлттық білім беру мен ғылым жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына тікелей байланысты. Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап жүретін ұстаздар қауымы, олардың озық ұйымдастырушылары әр заманда болған. Солардың бірегейі – біздің дана ұстазымыз, Қарағанды политехникалық институтының ректоры, ҚР ҰҒА академигі, Социалистік Еңбек Ері Әбілқас Сағынұлы Сағынов болатын.

Ол XX ғасырдың 40 жылдарынан ХХІ ғасырдың бірінші 10 жылдығы аралығында қазақстандық білім мен ғылым саласын дамытуға, көмір өндірісінің негізін салып, өркендетуге зор үлес қосқан, біртуар ел азаматы болды.

Адамның жаратылыс-болмысы оның туып-өскен топырағына байланысты деген қағиданы Әбекеңдей адамдардың өмірі толық айғақтайды. Ол жер жәннаты Сарыарқаның киелі Баянтау баурайында 1915 жылдың желтоқсан айында дүниеге келген. 1924 жылы Сағыновтар отбасы Сарыарқаның тағы да бір сұлу өлкесі Қарқаралыға көшеді. Бала кезінен сол ай-

кумына оқуға түседі. Келесі жылы «Қарағандыкөмір» тресінің арнайы шешімімен Днепропетровск тау-кен институтына жіберілген бес адамның қатарында Украинаға оқуға аттанады.

Днепропетровск тау-кен институтын «Пайдалы қазбалар кен орындарын қазып өндіру» мамандығы бойынша 1939 жылы үздік дипломмен бітіріп шыққаннан кейінгі барлық тіршілігі мен іс әрекетін Қарағанды көмір ошағын, тау-кен ғылымын дамытуға, Қарағандыда бірінші рет техникалық кадрлар даярлайтын жоғары оқу орнын ұйымдастырып, соның негізінде Қазақстанның ғылымы



бастығы қызметінен 1951 жылы трестің бас инженеріне дейінгі жұмыстарды абыроймен атқарып, кеншілердің құрметіне бөленді. Көмір өндірістерінде кездескен қиындық пен ізденістер Әбекеңе болашақ өмір бағдарламасын дұрыс тандап, оның басты бағыттарын айқындап алуға көп септігін тигізді. Оның алға қойған мақсаттарының ішінде ғылымға деген құштарлығы ерекше болатын. Сол себептен де, ол Қазақстан тау-кен ғылымын дамытуға бар болмысымен аянбай атсалысты. Бұл саладағы еңбектері үлкен нәтиже берді. Ол екі мәрте ғылым мен техника саласындағы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды.

Ұзақ мерзімді жүйелі жүргізген ғылыми зерттеулері негізінде Әбекеңнің жетекшілік етуімен 11 ғылым докторы және 50 ғылым кандидаты дайындалды. Сонымен, пайдалы қазбалар кен орындарындағы өндіру технологиясы мен кешенді механикаландыру проблемаларын түбегейлі зерттейтін аса қажетті ғылыми кадрлар дайындалып, тау-кен саласындағы қазақстандық ғылыми мектептің негізі қаланды. Әбілқас Сағынұлының 1970 жылы Қазақстан Ғылым академиясына академик болып сайланып, 1995 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым мен техника қайраткері атағын алуы да осы ғылым саласындағы ұзақ жылғы табанды еңбектерінің жемісі.

Академик Ә.Сағыновтың ғы-

лыми зерттеулерінің қорытындысы 20 шакты монографиясында, сол сияқты толып жатқан брошюраларында, мақалаларында, оқулықтары мен оқу құралдарында, ғылыми баяндамаларында, өнертапқыштарында жинақталған. Әбекеңнің ұйымдастырушылық қабілетінің жаңа қырынан жарқырай түсіп, атын бүкіл Одақ көлеміне әйгілі еткен оның жоғары оқу орнына басшылыққа келгеннен бастап, атқарған тынымсыз қызметі мен ұлағатты істері. Шалғай өңірде құрылған оқу орнын қатарға қосуға теңдесі жоқ еңбек етті. Денгейі әуел баста айтуға келмейтін институт 10-15 жылдың ішінде бұрынғы Одақ көлемінде алдыңғы қатардағы білім ордасына айналды. 1976 жылы инженер кадрларын дайындаумен ғылыми зерттеулеріндегі үздік табыстары үшін институт Қазақстан жоғары оқу орындары ішінде бірінші болып, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

1980 жылы Ә.Сағынов басқарған Қарағандының политехникалық институты Бүкілодақтық жарыстың нәтижесінде Кеңес Одағының 870 жоғары оқу орнының арасында Мәскеудің М.Ломоносов атындағы мемлекеттік университетімен бірінші орынды бөлісті. Бұл орасан зор жетістік болатын.

Академик Ә.Сағынов жан-жақты ректорлық жұмысында оқытушы-педагог кадрларды дайындауға да ең басты көңіл бөлді.

Педагогтер мен ғылыми қызметкерлердің шығармашылық өсуіне қажетті барлық жағдайларды жасауға тырысты. Студент жатақханалары мен оқытушы ұстаздарға арналған үй-жай салу да ректордың басты назарында болды. Қаржы іздеп, Мәскеудегі көмір және геология министрліктерінің, басқа до өнеркәсіп мекемелерінің есігін тоздырғаны әлі де біздің есімізде. Солардың жемісі ол кезде Қарағандының басқа бірде-бір жоғары оқу орындарында болмаған 5 жаңа оқу ғимараты, әрқайсысы 500 орындық үш 9 қабатты және жалпы сыйымдылығы 1200 орындық 4 қабатты үш жатақхана іске қосылған болатын.

Сонымен қатар, оқытушыларды үй-жаймен қамтамасыз ету мәселесінде Әбекеңнің басшылығымен ауқымды жобалар іске асты. Осы бағытта әрқайсысы 12 пәтерлік екі 3 қабатты, 70-80 пәтерлік үш 5 қабатты, 42 пәтерлік бір 9 қабатты арнайы салдырған тұрғын үй-жайлар педагогтер мұқтажын толығымен қамтамасыз етті деуге болады.

Осындай қай жағынан болсын, күрделі тұрмыстық мәселені оңтайлы шешкеннен кейінгі Әбекеңнің басына салмақ салған жағдай педагогтердің сапасын көтеру болды. Алғашқыда жас педагогтерді дайындау үшін Одақтың ірі қалаларындағы аспирантура-лар пайдаланылды. Осы мақсатта Мәскеу, Ленинград, Киев, Алма-

ты, Новосибирск, Свердлов қалаларына сол жерлердің оқу орындарын бітірген жастар іріктеліп қалдырылса, кейіннен Қарағанды политехникалық институтын бітірген мамандар да аспирантураға жіберіліп отырды. 1960 жылы Қарағанды политехникалық институты жанынан тау-кен және металлург мамандықтары бойынша кандидаттық (кейіннен докторлық) диссертация қорғайтын Кеңес ашылды. Әбекең ректорлық қызметін атқарып тұрған кезде осы Кеңесте 400-ден астам адам докторлық және кандидаттық диссертациясын қорғады.


Қарағанды политехникалық институтын 33 жылдай басқара жүріп, еліміздегі техникалық мамандар қатарын толықтыруға ерекше көңіл бөлді. Әбекеңнің көреген саясатының негізінде Қазақстанда өте беделді, жоғары деңгейдегі техникалық оқу ордасы ұйымдастырылды.

Жоғары білімді дамыту мен халық шаруашылығына қажет білікті мамандарды дайындауға қосқан үлесі үшін 1971 жылы академик Ә.Сағыновқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, ол осындай атаққа ие болған Одақтағы жоғары оқу орындарының бес ректорының бірі еді.

Әбекеңнің осындай теңдессіз еңбегіне риза болған университет түлектерінің қаражатына 2012 жылғы 21 желтоқсанда университетіміздің бас ғимараты алдындағы алаңда оқу ордасының негізін қалаушы ұлы тұлғаға ескерткіш орнатылса, ал, 2022 жылғы 18 ақпанда ҚР Үкіметінің қаулысымен университетке Әбілқас Сағыновтың есімі берілді.

Бұл күнде Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті QS World University Rankings 2026 халықаралық рейтингінде әлемнің ең үздік университеттері қатарына еніп, 951-1000 орындар диапазонынан көрінді. Әбекеңнің ерекше қамқорлығының арқасында маман болып қалыптасып, кезінде басшылығымен қызметтер атқарып, біраз талаптарын орындауға атсалысқан біздер өзімізді бақытты санаймыз. Әбекеңнің бейнесі мәңгі жадымызда сақталады.

Ибатолла АРЫСТАН,
Әбілқас Сағынов атындағы
«Кен орындарын қазып-өндіру»
кафедрасының профессоры



мақтардың табиғи сұлулығы мен тазалығын бойына сіңіріп өсті. Ол келешек биіктерге самғаудың тұғырлы бастамасы болғаны хақ. Осында бір сатылы мектепті тәмамдап, 1928 жылдың күзінде педагогикалық техникумның төменгі дайындық бөліміне оқуға түседі. 1931-1932 жылдары Қоңырат руднигінде қарьермен бірінші рет танысып, Өспен руднигі шеберханасында моторист мамандығын игереді. 1932 жылы «Қарағандыкөмір» тресінің өндірістік-оқу комбинатына қарасты кен техни-

мен білімін жоғары сатыға көтеруге белсене атсалысты. Әбекең өзінің жетпіс жылдан асатын еңбек жолында сан қилы бастамалардың ұйытқысы бола білді.

Әбекең еңбек жолының басында өндірісті ұйымдастыру және кен қазу технологиясын жетілдіруге көп көңіл бөледі. Алғашқы еңбек жолын 1939 жылдың сәуірінен бөлім бастығы лауазымынан бастап, жыл аяғына қарай №3-бис шахтасының бас инженері лауазымына дейін көтеріледі. Ә.Сағынов 1942 жылы тағайындалған шахта

• АКАДЕМИК ЕВНЕЙ БӨКЕТОВТІҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

Бөкетовті бала күнімнен білетінмін

Биыл туғанына 100 жыл толған академик Евней Арыстанұлы Бөкетовті бала күнімнен білетінмін. Оған себеп болған анам Тұрымтайдың кеңіе бауыры, қазірде Евней Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің профессоры, химия ғылымдарының докторы Кенжебек Түсіпұлы Рүстембеков еді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Кенжебек нағашым өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының соңында Қарағанды педагогикалық институтының химия факультетін үздік бітіріп, сол кездегі Қарағанды химия-металлургия институтына (қазір Жантөре Әбішев атында) жолдамамен барғанда, оның ғылыми жұмысына осы институт директоры, техника ғылымдарының докторы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1975 жылы академик атанған) Евней Арыстанұлының өзі жетекшілік жасаған. Содан басталған ұстаз бен шәкірт арасындағы ғылыми байланыс пен сыйластықтары қашан 1983 жылдың желтоқсанында Евекең небары 58 жасында дүниеден өткенше бір үзілмей, біздің туыстарымызбен де тонның ішкі бауындай араласты.

Әлі есімде, 1969 жылдың жазында Баянауылда отбасымен демалған Евней ағамыз Кенжекеңнің туыстарымен танысып-білісу үшін біздің ауылға арнайылап келді. Онда біз Ульянов (қазір Бұқар жырау – автор) ауданындағы Қылыш Бабаев атындағы кеңшардың екінші бөлімшесі саналатын Үлгі ауылында тұратынбыз. Марқұм әкем Мәз Қарасартов сол кезде кеңшардың прорабы, ал, үлкен нағашым Қалиолла Рүстембеков осындағы сегізжылдық мектептің директоры, ал, шешемнің немере ағасы Тұрсын Қарашев (неге екені белгісіз, елдің бәрі оны «Доктор Қарашев» дейтін) осы бөлімшенің меңгерушісі болып істейтін. Үш үйіміз де Евекеңді бала-шағасымен бірге төбесінен тік тұрып қарсы алып, екі күн бойы қонақ қылып, риза қылып, шығарып салды.

Міне, сол уақыттан бері, әсіресе, Евней Арыстанұлы менің әке-шешем Мәз Имашұлы мен Тұрымтай Түсіпқызымен бірге туғандай болып кетті. Біздікіне әр келген сайын оның өзі «Мәке, мен өзіңе совхоздың прорабы екен деп үй салғызу үшін, не құрылыс материалына бола келмеймін. Қашан соқсам да, қанша адаммен келсем де асып-саспайтын, бір қалыптан танбайтын мінезіңе ризамын» деп айтудан жалықпайтын. Өйткені, менің білуімше,

Евней аға адамның қызметіне емес, кісілігіне, ықылас-пейіліне қарап, қарапайым жандардың дастарқанынан дәм татқанды ұнатып, сол көңіліне жаққан кісіні қатты сыйлап, қадір тұтатын. Ал ата-анам болса, ертелі-кеш үйінен кісі аяғы үзілмейтін кеңпейіл, өте қонақжай адамдар болатын. Бірақ, әншейінде шешіліп көп сөйлей қоймайтын әкем Евекеңмен көсіле әңгімелесіп, әзіл-қалжыңдары жарасып отыратын. Ол менің әкемнен 6 жас үлкендігі болғанмен, құрдасындай көріп, ақтарыла сырласатын. Әсіресе, ол келгенде, Тұрсын нағашымды алдыртып (біз 1971 жылы кеңшар орталығы Үміткер ауылына көшкенбіз), оның айтқан неше түрлі күлдіргі әңгімелері жұрттың ішек-сілесін қатырып, дастарқан басы думанға айналушы еді.

Сөйтіп, үйімізге жыл аралатпай келіп жүретін академик ағамыз 1979 жылдың маусым айының бір күнінде классик жазушы Ғабит Мүсіреповпен, тағы да басқа елге белгілі тұлғалармен біздің үйімізге қонаққа келетінін хабарлап, «Жақсыны көрмек үшін» дегендей, оған ел болып дүрлікті. Атағы Алатаудай жазушыны жақсылап күтіп алу үшін Қарағанды облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Саламатов пен Ульянов аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Босенок жұмсаған «шапқыншылар» алдын ала жетіп, қонақ күту қамы мен даярлығын қадағалап жүр. Өмірінде асып-сасуды біл-

мейтін әке-шешемнің олармен шаруасы жоқ, қашандағыдай дастарқанын жайып, әдейілеп сойған 3 қойынның етін асқызып, еш қаперсіз.

Сонымен, асыға күткен қонақтарды Керней мен Үміткер ауылдарының арасындағы қыр басынан күтіп алған облыс, аудан мен кеңшар басшылары түске қарай 6 «Волгамен» сау ете түсті.

Ағыл-тегіл қымыз бен қойдың балғын етінен сүйсіне жеген қонақтар шай ішкен соң ток басуға ауыл сыртында ағып жатқан Шат өзенінің кеңдеуіне бір арнасының жағасына барып жайғасып, суға шомылып, күнге қыздырылды. Оларға күтуші болған кісілермен бірге ағам Мейрам екеуіміз де жүрміз. Сол кезде ол ҚарМУ-дың физика факультетінің III курсы, мен филология факультетінің II курсы бітіргенбіз. Негізі, тек осы жолы ғана емес, Евекең келген сайын онымен сан рет бір дастарқанда отырғанбыз. Себебі, өзі «Мәке, ұлдар үлкендермен бірге отырып, ұлағатты сөздерін тыңдап, құлағына құйып, зердесіне тоқып алсын» деп жиі айтатын.

Бұл жолы Ғабекенмен бірге еріп келген сыйлы қонақтардың арасында кімдер жоқ дейсіз?! Олардың арасында академиктер Лұқпан Қылышев, Сәдуақас Ерматов, Әмірзақ Айтбаев, жұбайы Ғазиза мен оның туған бауыры, Қазақстан Композиторлар Одағының төрағасы Базарбай Жұманиязов, тағы басқа адамдар бар. Дастарқан

үстінде, одан кейін өзен жағасында қаншама ойлы, ғибратты сөздер айтылды. Мен тамақ арасында Ғабекеннің бізбен аталас туысымыз Жүсіпбек Аймауытов жайлы сөйлесіп, біраз мағлұмат алғанымды кезінде газетімізде жазғанмын да. Әсіресе, сол күні сыйлы меймандарды тағы да ағаш арасында шығарып салу сәтінде академик Әмірзақ Айтбаев шырқаған Біржан салдың «Теміртас» әні әлі құлағымнан кетпейді. Естеріңізде болар, бұл әнді қырғыз кинорежиссері Төломуш Өкеев өзінің «Ыстықкөлдін алқызыл гүлдері» фильмінде Қарабалта деген кейіпкерінің аузына салып, Әмірзақ ағамыздың даусымен айтқызушы еді ғой.

Ғабит Махмутұлымен бұдан кейін 1981 жылдың жазында тағы да диалогасып, әңгімелесудің орайы келді. Ол Қарқаралының «Шахтер» санаторийіне Евекеңмен бірге демалуға келген екен. Осы хабар тиісімен әке-шешем бір қойын сойып алып, бал қымызы, қыстан қалған қазы-қартасымен жанына Мейрам екеуімізді қосып алып, үйге келе қалған Баянауылдың Октябрьдің 40 жылдығы атындағы кеңшар ауруханасының бас дәрігері болып істейтін тағы бір туған нағашым Жағалтай Түсіпұлының судай жаңа қызыл «Жигулимен» жолға шықтық. Зымыраған жүрдек көлікпен «Шахтерге» әне-міне дегенше жетіп, оның есігінің алдында Қарқаралы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Махмет Бекшинмен әңгілесіп отырған Ғабекен мен Евекеңе сәлем беріп, біріміз олар тоқтаған бөлмеге кіріп, дастарқан жайылып, кешке дейін мәжіліс құрдық. Бұдан соң Ұлы жазушымен жолығуды жазбады. Алайда, 1986 жылдың қысында өзіміздің туған ауылым Үлгінің сегізжылдық мектебінде директор болып істеп жүргенімде Ғабит Мүсіреповтің қайтыс болғанын естісімен Тұрсын нағашым жетіп келіп, оның қалауымен мектепте қаралы митинг өткізгенім де бар. Өйткені, Ғабекен марқұм бір көргеннен-ақ Тұрсекеңнің сөзі мен мінез-құлқына қатты риза болып, көңілі құлағанды.

Евней Арыстанұлының арқасында қазақтың қаншама игі жақсыларымен табықтас болып, дәмді де құнарлы әңгімелерін көкейіме тоқып өскеніме ризамын. Мәселен, Евней Арыстанұлының өзі қайтыс болғаннан кейін 2024 жылы Алматының «Отбасы» баспа үйінен жарық көрген «Жас Қаныш» атты кітабын жазу барысында Қанағанмен бірге өсіп, біте қайнасқан бала күнгі достарымен 1982 жылдың жазында біздің үйге келгені де есімде. Олардың арасында Бұқар жыраудың тікелей ұрпағы Кабылбек Зәкәрияұлы, Кенесарының сенімді серігі болған Сейтен батырдың немересі Кәрібоз Сүлейменұлы, атақты Шорманның жұрағаты Дінше Зындаұлы,

ауылдас құрдасы Жұмаш Шәдетұлы мен ұлы нағашым Көшек Айтқожаұлы сияқты көненің көзіндей шежіре қарттар болды. Сән-салтанаты жарасқан отырыста дуалы ауыз осынау ақсақалдардың түстеніп аттанғанша айтқан ескілікті әңгімелері мен Қанаған жайлы естеліктері күні бүгінге көкірегімде сайрап тұр.

Біздің әкей мен Евекең арасындағы достық ешқандай есепке құрылмаған, риясыз шынайы достық еді. Оған сан мәрте көзім жеткен де. Бізден кейін КарМУ-ге оқуға түсуге барып, бірінші жылында қабылдау емтиханынан өте алмаған туған інім Сержан мен жалғыз қарындасы Ғайнидің баласы Ербол үшін күйінген шешем мен қарындасына «Мен Бөкетов келгенде сойып берген қара қойымның қанын саптапаймын да, балалар үшін сұранып бармаймын да. Құласа, екі қолға бір күрек, жұмыс істеп, таңдайына татығанда түседі» деп шорт кесіп тастаған.

Кейіннен мен университет бітіріп, бұрынғы Егіндібұлақ ауданының Комсомол орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жүргенімде, 1983 жылдың күзінде Евней Арыстанұлының шақыртуымен Мейрам екеуіміз Қарағандының Ботаника бағы аумағындағы оның екіқабатты үйіне барғанбыз. Сонда мені бала күнімнен білетін және университетті жақсы аяқтағанымнан хабарлар Евекең Зүбайра жегемізді әзірлеген ас үстінде менің ғылыммен айналысуыма кеңес беріп, сол кездегі Қазақ КСР Ғылым Академиясы Тіл білімі институтының директоры, академик Әбулзали Қайдаровқа өз атынан хат жазды.

Соны қалтама салып алған мен салып ұрып Алматыға жетіп барып, Өбекеңнің өзіне қоштық. Ол мені жақсы қарсы алып, институттың ғылыми хатшысы Ерден Қажыбековті шақырып алып, «Қазақ ру-тайпалары атауларының этимологиясы» деген ғылыми жұмысымың тақырыбын да бекітіп, қараша айындағы каникулымыда өздеріндегі аспирантураға келіп, оқуға түсуімді ескертті. Алайда, дәл сол каникул уақытында ойда жоқта омыртқаннан мертігіп, Мақажанов ауруханасына жатып қалдым да, артынша көп ұзамай желтоқсан айының аяғында халқымыздың асыл ұлы, заңғар тұлға Евней Арыстанұлы Бөкетов те кенеттен өмірден озды.

Сүйікті ұстазым Евекеңнің қалауымен ғалым болмасам да, осындай біртуар азаматтың шәкірті болып, ақылын тыңдап, ұлағаты мен тәрбие-өнегесін көргенімді осы күнге дейін мақтан тұтып, аруағы алдында бас ием!

Сурет Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінің мұрағатынан

Туризм – экономикалық мүмкіндік

Приозерск қаласында соңғы жылдары туризм саласы серпінді дамып, аймақтың тынысына жаңа леп әкеле бастады. Биыл қалаға 25 мыңнан астам туристің келуі – өңірдің тартымдылығы артып, инфрақұрылымның да жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанын аңғартады. Балқаш көлінің жағасындағы тарихы бай Приозерск бүгінде саяхатшылар назарын өзіне көбірек аударуда.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қалада қазіргі таңда 9 қонақ үй тұрақты жұмыс істейді. 157 нөмір, 423 төсек орын – келген қонақтарға қолайлы жағдай қарастырылған. Сонымен қатар, қаланың әр аумағында хостелдер, шағын қонақ үйлер, жалға берілетін жүзге жуық пәтер қонақтарды қарсы алуға әзір. Туризмге деген сұраныс жыл санап артып келе жатқандықтан, қонақ үй санын көбейту жүзеге асырылуда. Бұл туралы Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Айдын Алтаев мәлімдеді.

– 2025 жылы бекітілетін Бас жоспарға сәйкес, туризмді дамытуға арнайы 30,7 гектар жер бөлуі көзделіп отыр. Бұл – қала болашағына ұзақ мерзімді инвестиция. 2024 жылы инвесторларға арналған аукционда төрт жер телімі сатылды. Қалаға келушілер саны артқан сайын бизнестің де тынысы ашылды. Инвесторлармен нақты жобалар бойынша келіссөздер жүріп жатыр. Туризм – Приозерск үшін жаңа экономикалық мүмкіндік, – дейді Айдын Алтаев.

Бөлім басшысының айтуынша, жеке сектордың белсенділігі де байқалады. Қаланың көркін келтіріп, қонақтардың көңілін көтеретін «Айсұлу» мейрамханасы, «Қоржын» ұлттық тағамдар мейрамханасы, «у Адины» кофеханасы – сервистік сапасын жаңа деңгейге көтеріп, туристік қызметтің аясын кеңейтіп отыр. Сонымен



қатар, жаңа нысандардың да құрылысы қарқынды жүргізілуде. Олардың қатарында жеке кәсіпкер «Сағатовтың» шағын қонақ үй кешені, жеке кәсіпкер «Душмановтың» тойханасы, «Ж. Григорьеваның» қонақ үйі, «Қайсар» ЖШС-нің трасса бойындағы жол сервис орталығы туристік бағытта құрылыс жұмысын жандандыруда.

Қалада арнайы мобильдік топ құрылып, туристік нысандарды аралау, олардың жағдайын бағалау, сервис сапасын көтеруге ұсыныстар әзірлеу жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Бұл топтың көмегімен қаладағы әр нысанның әлсіз тұстары анықталып, туристер үшін жайлы орта қалыптастыруға нақты қадамдар жасалуда.

– Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев туризмді дамыту жөніндегі бастамаларында бұл саланың экономиканың драйверіне айнала алатынын, жаңа жұмыс орындарын құрып, халықаралық байланыстарды нығайтуға мүмкіндік бе-

ретінін атап өткен болатын. Мемлекет басшысы туризмнің цифрлық жүйесін жетілдіру, инфрақұрылымды жаңарту, сервисі халықаралық стандарттарға сай ету қажеттігіне ерекше көңіл бөліп келеді. Табиғи байлықты сақтай отырып, туристік әлеуетті арттыру – бүгінгі күннің басты талабы екенін де Президент бірнеше рет баса айтты. Бұл ойлар Приозерск сияқты аймақтар үшін бағдаршам іспетті. Әлемдік тәжірибе де назардан тыс емес. Испания, Швейцария, Түркия, Дубай сынды жетекші туристік орталықтардың жұмыс жүйесі зерттеліп, олардың цифрлық платформалары, туристік ағынды ұйымдастыру механикасы, табиғатты сақтай отырып, табыс табу үлгілері қарастырылуда, – дейді Айдын Алтаев.

Мамандардың мәлімдеуінше, Приозерск бүгінгі таңда туризмнің әр саласын өз табиғатына сай үйлестіріп, қаланы біртұтас туристік кеңістікке айналдыруға ұмтылып отыр. Шағын шаһардың туризм-



тік әлеуеті жыл сайын өсіп келеді. Негізгі бағыт бойынша алда атқарылар жұмыстар ауқымды көрінеді. Жаңа қонақ үйлер, сапалы инфрақұрылым, заманауи ғимараттар салу көзделген. Сонымен қоса, туристік қызметтің әр түрін өз табиғатына бейімдеп, үйлесімді дамыту жоспарланып отыр. Бір кәсіпкер қонақ үй ашса, екіншісі ұлттық тағамдарын ұсынып, үшіншісі шеберлік сабақтары мен мәдени шаралар ұйымдастырады. Жаңа нысандар, сапалы инфрақұрылым, цифрлық сервистер мен табиғатты аялау мәдениеті бір арнаға тоғысқанда ғана Приозерск шынайы туристік брендке айналады дейді мамандар.

ПРИОЗЕРСК

Суреттер автордан

Құттықтау

Бүгін ардақты, асқар тау әкеміз, елге сыйлы тұлға, мемлекеттік қызметтің ардагері **Алпыс МҰҚАШҰЛЫ** мерейлі 80 жасқа толып отыр. Сексеннің сеңгіріне дейінгі ғұмыры үлгі-өнегеге тұнған, адал еңбекпен абырой биігіне шығып, ұрпағына адастырмас темірқазықтай тұзу жол көрсеткен әкеміз Алпыс Мұқашұлын бүгінгі мерейлі мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Шет ауданының өсіп-өркендеп, халықтың әл-ауқатын көтеруге зор үлес қосқан өзіңізді біз мақтан тұтамыз. Адалдықты ту еткен, еңбек сүйген Сіз ел игілігіне қызмет еттіңіз. Әділдігіңіз бен турашылдығыңыз көп шөкіртіңізге, әріптестеріңізге үлгі. Замандастарыңыз әрдайым Сіздің адамгершілігіңізді, еңбексүйгіштігіңізді, ұлт пен ел мүддесіне еткен қызметіңізді айтып, іттипат-құрметпен еске алады.

Қадірлі Әке!

Осынау сексеннің сеңгіріне шыққан мерейлі күніңізде мәртебеңіз дәйім осындай асқақ, мерейіңіз әрқашан үстем болуын тілейміз! Жаратқан Сізге зор денсаулық, берекелі ғұмыр, амандық бергей! Аяулы анамыз Алтын Жүнісбекқызымен қатар немере-шөбере қызығын көріп, ғибратты ғұмырыңыз бізге шамшырақ бола бергей! Әр арайлы күн сізге шаттық пен қуаныш сыйласын!

Ізгі тілекпен: **балаларыңыз, немерелеріңіз және шөберелеріңіз.**

№465

• РЕСМИ

Мемлекеттік сатып алу – бақылауда

Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы прокуратурасы тұрақты негізде мемлекеттік сатып алу порталына мониторинг жүргізеді, оның нәтижелері аталған салада заңнаманы бұзушылықтардың бар екендігін куәландырады.

Қарағанды қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі 5 млрд теңгеден астам сомаға «Қарағанды қаласының көше-жол желісін дамыту» жұмыстарын сатып алу туралы ашық конкурс жариялаған.

Мемлекеттік сатып алуға тапсырыс беруші – «Қарағанды қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ.

Конкурстық құжаттарды зерделеу барысында әлеуетті өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуға қатысуын шектейтін және негізсіз қиындататын біліктілік талаптарын белгілеу арқылы кәсіпкерлердің құқықтарын бұзу фактілері анықталды.

Біліктілік талаптары әлеуетті өнім берушілер үшін шарттарды қиындатпай, сатып алынатын жұмыстардың мәніне дәл жасалуы тиіс (Заңның 11-бабы 3-тармағының 2-тармақшасы).

Талдаумен белгіленген техниканың қажеттілігі мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау қажеттілігінен тікелей туындамайтынын көрсетті.

Сондай-ақ, тапсырыс беруші жұмыстардың нақты көлемін және жұмы-

старды жүргізу орындарын зерттемеген, бұл конкурстық құжаттамада жергілікті және ресурстық (ақаулы) сметаның жоктығын көрсетеді (мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 71-тармағы).

Ал, аталған жұмыстарды орындау үшін барлық материалдық ресурстар тікелей ресурстық (ақаулы) сметадан туындауы тиіс.

Заңсыз біліктілік және әкімшілендірілмейтін талаптардың мемлекеттік сатып алу порталына салынатын салымдар кейіннен әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысу мүмкіндігін шектейді, сондай-ақ қандай да бір өнім беруші тарапынан шағымдарды (бұдан әрі сот дауларын) туғызады.

Көрсетілген бұзушылықтарға байланысты, бюджетті оңтайлы және тиімді жоспарлау, сондай-ақ, бюджет қаражатының заңсыз жұмсалудың болғызбау мақсатында бюджет қаражатын қайтарумен және бөлумен қайта жарияламай, прокурорлық қадағалау актісі негізінде ашық конкурстың күші жойылды.

Қарағанды қаласы
Әлихан Бөкейхан
ауданының прокуратурасы

• ҚҰҚЫҚ

Кәсіпкер мен инвестор құқығы қорғалады

Инвесторларды мемлекеттік қолдау шараларының бірі прокуратура органдарымен инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды, тексеру жүргізу туралы шешімдерді, сотқа талап қоюларды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімдерді келісу бойынша заңнамаға толықтырулар енгізу болып табылады.

Аталған міндеттерді іске асыру аясында Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының прокуратурасы инвестициялық жобаларды сүйемелдеу және әкімшілік кедергілерді жою бойынша жұмыстар жүргізуде.

Мәселен, жел энергетикасы қондырғыларына арналған қонустық мұнаралар шығаратын зауыт салу жөніндегі инвестициялық жобаны зерделеу кезінде ЖАО тарапынан әуре-сарсаңға салынуына байланысты жобаны Индустрияландырудың бірыңғай картасына енгізу туралы мәселе ұзақ уақыт шешілмегені анықталды, бұл жобаны одан әрі іске асыруға және қаржыландыруға кедергі келтірді.

Аудан прокуратурасы заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыну енгізді, әкімшілік кедергілер жойылды, кінәлі адам тәртіптік жауапкершілікке тартылды, инвестордың проблемалық мәселесі шешілді.

Сонымен қатар, бизнес субъек-

тілерін Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының прокуратурасы жанындағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі мобилдік топтың жұмыс істеуі туралы хабардар етеміз.

Мобильді топтың негізгі мақсаттары кәсіпкерлердің құқықтарын бұзу фактілерінің жолын кесу, сондай-ақ, олардың заңды қызметіне кедергі жасау жағдайларына жол бермеу болып табылады.

Мысалы, бір жағдайда кәсіпкердің өтінішіне полиция қызметкерлерінің 21 жасқа толмаған адамға алкоголь өнімдерін сату фактісі бойынша әкімшілік хаттама жасау жөніндегі әрекеттерімен келіспеушілік себеп болды.

Хаттаманы зерделеу оның заңсыз жасалғанын және жол берілген процесстің бұзушылықтарға байланысты істің тоқтатылуға жататынын көрсетті.

Іс материалдарында белгіленген нақты деректер кәсіпкердің іс-әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылық құрамы-

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Қос шаһарды тоғыстырған

Ж.Бектұров атындағы Қарағанды облыстық жасөспірімдер кітапханасында жазушы, аудармашы, публицист Сапарғали Бегалиннің туғанына 130 жыл толуына орай «Балалар әдебиетінің бөйтерегі» атты әдеби портрет өтті. Аталған шара Алматы қаласындағы С.Бегалин атындағы орталық қалалық балалар кітапханасымен бірлескен форматта ұйымдастырылды.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің профессор Г.Мейрамов атындағы орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушылары Серікқазы Баймамыров, Зергүл Сейдахметова кездесуді тізгіндеді.

Қатысушылар балалар жазушысы Сапарғали Бегалиннің өмірі мен шығармашылық жолының негізгі кезеңдері туралы әңгімеледі. Мәселен, Қарағанды қаласындағы №97 гимназия мен Алматы қаласындағы Альянс мектебінің оқушылары Сапарғали Бегалиннің орыс тіліндегі «Ёж Есена» және «Дедушкина яблоня» атты тағылымды әңгімелерін талқылауға қатысты. Іс-шара барысында викторина ұйымдастырылып,

оқырмандар С.Бегалиннің өмірі мен шығармашылығы туралы білімін тексерді, сұрақтарға жауап берді, сүйікті кейіпкерлерін еске түсіріп, шығармадан алған әсерімен бөлісті.

Кездесуде Қарағанды қаласының мамандандырылған музыкалық мектеп-интернатының және Алматы қаласындағы Альянс мектебінің балалары өнер көрсетті. Іс-шара достық және танымдық атмосферада өтті. Мұндай кездесулер балаларға Қазақстан әдебиетінің бай әлемін ашуға көмектеседі.

Алтынай АШИРОВА, Ж.Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының бөлім басшысы

• СЕМИНАР

Тәрбие құралына айналады

Бүгінгі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқушыны сапалы біліммен қамтумен қатар, оны адал, жауапты және елжанды азамат етіп тәрбиелеу. Осы мақсатқа бағытталған «Адал азамат» бағдарламасы адалдық, әділдік, жауапкершілік, парасаттылық құндылықтарын оқу-тәрбие процесіне енгізуді көздейді.

Қазіргі цифрлық дәуірде жасанды интеллект құралдарын білімге енгізу кеңінен қолға алынуда. Бұл технологиялар білім сапасын арттыруға, оқушы қабілетін ескеруге әрі оқу үрдісін жекелеп ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Дегенмен, ЖИ қолдану барысында академиялық адалдық мәдениетін сақтау – маңызды талап. Оқушылардың дайын жауапқа сүйенбей, білімді өз бетімен игеруі – «Адал азамат» бағдарламасының басты ұстанымдарының бірі.

Осы бағытта жуырда Абай ауданына қарасты Құрма ауылындағы «Ыбырай Алтынсарин атындағы тірек мектепте «Оқу-тәрбие процесінде жасанды интеллектті қолдану мәдениеті» тақырыбында аудандық семинар өтті. Аталған шара «Адал азамат» бағдарламасы аясында ұйымдастырылды.

Семинар жасанды интеллектті тиімді, жауапты әрі этикалық тұрғыда қолдану мәдениетін қалыптастыру, педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру және AI құралдарын адалдық қағидаттарын нығайтуға бағытталды.

Жиынға мектеп директоры Құралай Амралина бастаған мектеп әкімшілігі

және Абай ауданынан келген мұғалімдер қатысты. Шара барысында AI технологияларының оқу сапасына ықпалы, оның тәрбие жүйесіндегі рөлі және академиялық адалдық мәселелері талқыланды. Педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісіп, жасанды интеллектті сабақ жоспарында, жеке оқытуда және оқу материалын оңтайландыруда қолданудың тиімді тәсілдерін ұсынды.

Сонымен қатар, оқушылардың жасанды интеллекттің дайын жауап көзі ретінде емес, білім алуға бағытталған көмекші құрал ретінде қолдануының маңыздылығы айтылды.

Семинар қорытындысында қатысушылар жасанды интеллект – оқу үрдісін

жетілдіретін тиімді мүмкіндік, ал, оны «Адал азамат» бағдарламасы аясында мәдениетті әрі жауапты түрде қолдану білімді ғана емес, адалдық қағидаттарын бойына сіңірген тұлға тәрбиелеудің маңызды жолы екені тілге тиек етілді.

Әсем ЖАҚЫПБЕКОВА, Құрма ауылы Ыбырай Алтынсарин атындағы тірек мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Абай ауданы

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ**

• БАЙҚАУ

Ұлт қайраткері ұлықталды

№19 жалпы білім беру мектебінде Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, ақын, ағартушы, ұлт руханиятының шамшырағы Міржақып Дулатұлының 140 жылдық мерейтойына арналған «Міржақып әлемі: елдік пен еркіндік өнегесі» атты облыстық шығармашылық байқау өтті. Іс-шараны «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығы мен Қарағанды қаласы білім бөлімі бірлесе ұйымдастырды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalıq Qazaqstan»

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының серкесі болған Міржақып Дулатұлының өмір жолы – шынында да бүгінгі ұрпаққа өнеге. Азаттық жолында арпалысқан қайраткер тұлға талайлы тағдырында елдіктің іргесін қалауда қалтқысыз қызмет етті. Оның өшпес мол мұрасы бүгінгі егемен елмен бірге қайта жаңғырып, жас буынның тірегіне айналды.

– Міржақып Дулатұлы – қазақтың тарихи жады мен ұлттық рухын жаңғыртқан дара

тұлға. Оның шығармашылығы арқылы өскелең ұрпақты тәлімі терең ойға, адалдық пен елдік мұратқа жетелей аламыз. Бүгінгі іс-шара – жас буынды рухани кемелдікке бастайтын мәдени-ағартушылық бастама. Ұлт шырақшысының құнды мұрасы бүгінгі ұрпаққа тәуелсіздіктің парқын сезіндіруге, елдік мақсатқа қызмет етудің мәнін ұқтыруға бағытталған баға жетпес сабақ болды, – деді мектеп директоры Гүлдана Асамиданова.

Байқауда оқушылардың жұмыстары жан-жақты қарастырылып, бірнеше мазмұндық арнаны қамтыды. Бірі тарихи және әдеби тұрғыдан Міржақыптың шығармашылығын талдады. Енді бірі ғылыми жоба ретінде қайраткердің қоғамдық ой-пікірінің бүгінгі заманмен үндесуін көрсетті. Сондай-ақ, әдеби бағыттағы қатысушылар «Қазақ руханиятының жаршысы – Міржақып Дулатұлы» тақырыбында эссе жазды. Ал, TEDxSchool Talks форматында сахнаға шыққан жас спикерлер «Міржақыптан алған бір ой» тақырыбында қысқа ойтолғам жасап, өз пайым-парасатын көпшілікпен бөлісті. Өлең өлкесінде өрнек салған жас ақындар ақынның рухына арналған өз өлеңдерін оқып, шығармашылық қабілетін шыңдады. Сайыс соңында барлық қатысушылар мен жүлдегерлер Алғыс хатпен марапатталды.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстап...

Арқа төскейі биыл ойшыл, хакім Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойын айрықша атап өтуде. Өңірде өткізілген әдеби-мәдени шаралар легі Абай әлемін жас ұрпаққа жақындатып, хакімнің парасатқа толы мұрасын жанаша қырынан тануға мүмкіндік беріп келеді. Соның тағы бір айшықты дәлелі – облыс әкімдігінің қолдауымен және Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың ұйымдастыруымен өткен «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» облыстық шығармашылық байқауы.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

«Бұл ән бұрынғы әнінен өзгерек» демекші, биылғы байқау өңірдің барлық қала-ауданын қамтыған кең ауқымда өтті. Қалалық және аудандық іріктеу кезеңдеріне 2000-ға жуық өтінім түсіп, соның ішінен тек 57 дарынды қатысушы ақтық кезеңге жолдама алды.

– Облысымызда кейінгі жылдары аймақ басшысының ұйытқы болуымен әдеби-мәдени бағыт жаңаша бағытта түрленіп келеді.

Жаздыгүні Абай облысында болған онкүндіктен кейін туындаған ұшқын ой маздап, осы іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне сеп болды. Жас жеткіншектердің Абай мұрасымен тереңірек танысып, тағылым алуы арқылы біз болашағымызды бекемдей түсесіз, – деді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей.

Биылғы байқауға өңірдің түпкір-түпкірінен келген қатысушылар төрт номинация бойынша бақ сынады. «Көркемсөз шебері», «Даналық үні – қара сөз», «Абай әлемі – сурет

тілімен» және «Ақыл, қайрат, жүрек – бүгінгі жасқа бағыт» (эссе) аталымдары бойынша әрқайсысы өз өнерлерін ортаға салды. Қазылар алқасы құрамында абайтанушылар, филологтар, суретшілер мен қаламгерлер болды.

Соңғы кезеңде үздік өнер көрсеткен жастардың есімдері де өзгелерден оқ бойы озық шығып, айрықша таланттымен ерекшеленді. «Көркемсөз шебері» номинациясында Жұмабек Тәшенов атындағы мектептің 8-сынып оқушысы Алуа Анарбаева мен Шет ауданы Ыбырай Алтынсарин атындағы тірек мектебінің 10-сынып оқушысы Нұрәсем Серік Абайдың орамды ойларын жүрекпен сезініп, мәнерлі жеткізе білгені үшін І орынды еншіледі. Ал, «Даналық үні – қара сөз» аталымында Абайдың ғажайысына терең бойлап, ойшыл тілінің күрделі иірімдерін шебер меңгерген Қарағанды қаласының №4 мектептің 10-сынып оқушысы Ақгүл Абдығаликова үздік шықты.

Қылқалам шеберлері арасындағы «Абай әлемі – сурет тілімен» байқауында Саран қаласы №1 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы Лаура Талашова акынның шығармашылық рухын бояу тілімен айықтап, композициялық ой тереңдігімен ерекшеленді. Ал, жас көсемсөзшілер бақ сынаған «Ақыл, қайрат, жүрек – бүгінгі жасқа бағыт» эссе номинациясында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық



зерттеу университетінің филология факультетінің III курс студенті Әлфина Таубалды тілдік өрнегі мен ой тереңдігі арқылы бас жүлдені еншіледі.

– Мен бұл байқауда қара сөз оқу шеберлігі бойынша бақ сынадым. Ғажайып тілінің күрделілігі рас. Дегенмен, қазіргі ғылым мен ақпарат қолжетімді заманда небір түсіндірме сөздіктердің арқасында көнерген, жақұт сөздерді түсініп, ғибрат алуға болады. Қарсыластарымның ешбірі осал емес. Абай мұрасын насихаттауды мақсат тұтқан кіл мықты жастардың арасынан суырылып, топ жарғаным бек қуаныштымын, – деді жүлдегер, Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің IV курс студенті Абдулла Кошиков.

Байқау соңында барлық жеңімпаздар жетекшілерімен қомақты қаржылай сыйақылармен, Алғыс хаттармен марапатталды. Өңір өнерпаздары концерттік бағдарламада Абайдың «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Татьянаның әні» шығармаларын әуелете шырқап, іс-шараның көркін одан әрі қыздыра түсті. Осылайша, «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» облыстық шығармашылық байқауы Абайдың кемел ойы мен рухани әлемін жас ұрпақ санасында жаңғыртқан тағылымы мол іс-шара болды.

Сурет
ұйымдастырушылардан

• СҮЙІНШІ!

«Үздік актер» атанды

Арқа жұртының мақтанышы, белгілі дәстүрлі әнші, өнертанушы Ерлан Төлеутай халықаралық деңгейдегі қос бірдей жоғары марапатқа ие болды. Ирландияның Дублин қаласында өткен XIII Silk Road International Film Festival қорытындысында режиссер Елзат Ескендірдің «Әбіл» фильмінде басты рөлді сомдаған Ерлан Төлеутай «Үздік актер» жүлдесін иеленген.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұдан бөлек, Парижде өткен казак киносы фестивалінде де актердің еңбегі жоғары бағаланып, «Үздік актер» атанған.

– Бұл отандық кинематография үшін қуанышты әрі маңызды жаңалық. Аталған марапат қазақстандық киноға деген қызығушылықтың артып келе жатқанын және отандық актерлердің кәсіби деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. «Әбіл» фильмі де, басты рөлді сомдаған актер де Қазақстан киносының әлемдік мәдени кеңістікте лайықты деңгейде таныла алатынын тағы бір мәрте дәлелдеді, – делінген Мәдениет және ақпарат министрлігінің хабарламасында.

Министрлік Ерлан Төлеутайға және фильмінің шығармашылық тобына ұлттық кинематографияны дамытуға, қазақстандық өнерді шетелде насихаттауға қосқан үлесі үшін шынайы алғыс білдірді.

Бұған дейін «Әбіл» фильмі Франциядағы 31-ші Vesoul халықаралық Азия кинофестивалінде үш бірдей жүлдені – Jury Grand Prize, Critical Jury Prize және NETPAC Jury Prize – жеңіп алған болатын.

Ал, Ерлан Төлеутайдың

осыған дейін де, Қырғызстан астанасында өткен III Бишкек халықаралық кинофестивалінде Елзат Ескендірдің «Әбіл» фильміндегі басты рөлі үшін «Ең үздік актер» жүлдесін иеленген еді. Фильмдегі рөлі арқылы актер көрерменге терең әсер қалдырып, халықаралық қазылар алқасының жоғары бағасына ие болғанын атап өткен жөн.

Қазылар алқасының құрамында Франция, Италия, Германия, Нидерланды және Бангладеш елдерінен келген кино мамандары болды.

– Сценарийге сай кейіпкеріңізге таңдайтын актер болмыс-бітімі, ішкі энергиясымен жақын болуы керек. Кәсіби болу-болмауы маңызды емес. Ең бастысы – энергия. Мен 2015 жылы сценарий жазылған кезде шын өмірдегі «Әбілді» іздедім. Сол энергиялық тұтастықты Ерлан Төлеутайдан көрдім. Себебі ол – далалық сипат, табиғи реңін жоғалтпаған адам, – деген болатын режиссер.

Кинотуғынды 1990 жылдардағы қазақ ауылындағы әлеуметтік-экономикалық қиындықтарды, мал-мүліктің жаппай бөліске түсуін, қоғамдағы әділетсіздік пен жеңілдіктің күшеюін, әлеуметтік теңсіздік пен рухани дағдарысты шынайы көрсетеді.

Сурет Елзат Ескендірдің facebook парақшасынан

• ФУТБОЛ

«Шахтердің» жаңа дәуірі

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы жаңа меншік иесін тапты. Күні кеше өткізілген аукционның қорытындысы бойынша Freedom Holding Corp құрамына кіретін, қазақстандық кәсіпкер Тимур Турловқа тиесілі компания сатып алды. Жекешелендіру үдерісі заңнаманың барлық талаптарына сай өткізілді.

Облыс әкімдігі мен кәсіпкер Тимур Турлов өңірде жаңа футбол экожүйесін қалыптастыруға кірісті. Бұл бастамаға жалпы 18,5 млрд теңге бөлінген. Соның 12 млрд теңгесі – заманауи футбол академиясының құрылысына, қалған 6,5 млрд теңгесі балалар-жасөспірімдер спортын және бұқаралық футболды жүйелі түрде дамытуға бағытталмақ.

Бүгінде облыстық футбол қауымдастығының президенті Тимур Турловтың қолдауымен бірқатар ауқымды жоба іске асырылуда. Атап айтсақ, мектеп оқушылары мен студенттерді кеңінен қамтуды көздейтін ALGA! жобасы құрылды. Жобаға 2029 жылға дейін 40 мыңнан астам оқушы мен 3600 студент қатысады деп жоспарлануда. Одан бөлек, балалар мен

жасөспірімдерге арналған ресми Freedom BFL лигасының, жаңа «Шахтер» футбол академиясының құрылысы басталды.

Жаңа академия Қарағанды облысында бұқаралық әрі кәсіби футболды дамытудың негізгі орталығына айналмақ. Шамамен 10 гектар аумаққа жобаланған кешен құрамына стадион, жыл бойы жаттығуға мүмкіндік беретін жабық манеж, толық өлшемді ашық алаң, екі қабатты әкімшілік-бөлме корпусы, медициналық орталық, бас-сейн, сауна, асхана және жас спортшыларға арналған жатақхана енеді. Барлық нысандар «жылы дәліздер»



арқылы өзара біріктіріліп, аумақта воркаут-аймақ, тренажер алаңы, абаттандырылған саябақ және автотұрақ болады.

Футбол инфрақұрылымын дамыту тек қала орталықтарымен шектелмей, ауылдық елдімекендерде де бағытталмақ. Бұл бүкіл өңірдегі спорттық экожүйенің біркелкі дамуына жол ашатыны сөзсіз.

Өз тілшімізден

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Ән шежіресінің биік белесі

Жаңа Майкұдық мәдениет үйінің сахнасында мерейлі мереке – «Шахтерский» халықтық хорының 60 жылдық мерейтойына арналған «С песней по жизни» атты салтанатты концерт кең тыныспен, көркем әсермен өтті. Алпыс жыл бойы кеншілер қаласының өнер айнасын айшықтап келген атақты хор бұл кеште өзінің шынайы өнерін, биік кәсіби деңгейін тағы бір мәрте дәлелдеп, өнерсүйер жұртшылықты әннің құдіретімен баурап алды.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Кеншілер өлкесінің ән шежіресіне айналған «Шахтерский» хорының мерейтойына мәдениет саласының ардагерлері, жастар, бірнеше буын өкілдері және хордың әндерін тындап өскен қарағандылықтар көптеп жиналды. Залдың толуы халықтың хор өнеріне деген құрметі мен ыстық ықыласының айқын көрінісі болды.

Кештің ашылуында Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі басшысының міндетін атқарушы Берік Досымбеков хор ұжымын мерейлі мерекесімен құттықтап, Қарағанды қаласы әкімінің атынан шығармашылық табыс пен мықты денсаулық тіледі. Қала әкімі Мейрам Қожуховтың арнайы құттықтау хатын

сахна төрінде оқып, ұжым басшылығына табыс етті.

Бұдан бөлек, Берік Мырзаұлы қала әкімінің атынан хордың еңбегі сінген мүшелеріне Алғыс хат табыстады.

Өнер кешінде «Теміржолшылар» мәдениет сарайының директоры Серік Мұқанов та жүрекжарды лебізін білдіріп, ұжымның алпыс жылдық жолы шығармашылық еңбек әрі тұтас бір дәуірдің үнін жеткізген рухани қазына екенін атап өтті.

– Бүгін аты аңызға айналған «Шахтерский» халықтық хорының мерейлі сәтіне куә болып отырғаным қуаныштымын. 60 жыл – айтулы белес. Сіздерді тындап өскен талай буын бүгінде ағалық жасқа жетті. Осы қарқыннан таймай, ел ертеңі үшін еңбеккор, патриот ұрпақ тәрбиелеу ісінде бірге еңбек ете берейік, – деді Серік Мұқанов.



Сонымен қатар, ол хор ұжымына облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының, мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығының атынан сертификат табыс етті. Өз атынан ұжым

мүшелерінің әрқайсысына Алғыс хат пен гүл шоғын ұсынды.

Мерейлі қонақтарының қатарында Әлихан Бөкейхан аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, отставкадағы полковник Марат Аймағамбетов те болды. Ол аудан

әкімі Досбол Күлекеевтің арнайы жолдаған құттықтау хатын оқып, құрметпен табыс етті.

Кештің көркемдік деңгейін көтерген концерттік бағдарламада өнер көрсеткен топтар легі өзара үйлесім тауып, мерекелік шара-

ны мазмұнды етті. Атап айтсақ, «Шахтерский» халықтық хоры, Кеншілер мәдениет сарайының «Шахтерский» хореографиялық ансамблі, «Молодежный» мәдениет үйінің «Вдохновение» еңбек ардагерлерінің халықтық хоры, «Теміржолшылар» мәдениет сарайының «Магистраль» халықтық ардагерлер хоры өнер көрсетіп, кештің көрігін қыздырды.

Одан бөлек, белсенді ұзақ өмір сүру орталығының «Ару әжелер» ансамблі, «Надежда» ардагерлер хоры, «Нұрби» үлгілі хореографиялық ансамблі, «Жас толқын» вокалдық тобы секілді өңір мәдениетінің үздік шығармашылық ұжымдары өнер көрсетіп, көрерменнің қошеметіне бөленді.

Алпыс жыл ішінде «Шахтерский» халықтық хоры Қарағандының рухани келбетіне айналып отыр. Еліміздің әр түпкірінде өнер көрсетіп, сансыз тыңдарманның жүрегінен орын алған ұжымның шығармашылығы – адал еңбек пен шынайы өнердің айғағы. Хор – тарихы терең, рухы биік кеншілер өңірінің дауысы іспетті.

ҚАРАҒАНДЫ

Сурет
ұйымдастырушылардан

 Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. ● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. ● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ● Материалдың жариялану ақысы төленген (R) Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үйі.		 Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.		«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MKZTD2003131, БИК KСJKBZKX БИН 000840001412 Таралымы 3 495 №131 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.	
Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА		Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ		Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ					